



Газет
1932 жылдан
бастап
шығады

АТМЕКЕН



№ 25 (5860)
24 маусым,
сенбі, 2017 жыл

Жамбыл аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық басылым

atameken1932@mail.ru

Құрметті мемлекеттік қызметшілер!

Сіздерді 23 маусым – Мемлекеттік қызметшілер күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын.

Өркениеттің өріне қадам басқан әрбір мемлекеттің ең басты тірегі, оның идеясы мен саясатын алға апарушы мемлекеттік қызметкер екені белгілі. Сондықтан ұлт мәртебесін көтеретін, ел абыройын асқақтататын мемлекеттік қызметкер

Биліктің биік бейнесі

болу – мәртебелі міндет. Өйткені, мемлекеттік қызметші – биліктің биік бейнесін, іскерлік қабілетін көрсетеді. Ауданның қарқынды дамуы да сіздердің шеберліктеріңізге, тәжірибелеріңіз бен жігерлі ұмтылыстарыңызға байланысты.

Бүгінгі мереке күні ауданның мемлекеттік қызмет саласында ұзақ жылдар бойы жемісті еңбек етіп, зейнеткерлік демалысқа шыққан ардагерлеріміз – Владимир Петрович Новаковскийді, Мұхтар Шынтеміровті, Әділжан Байсариевті, Нұрғайша Таусарованы, Түйметай Өзенбаеваны, Амандық Шормақовты, Наталья Ильинична Спивакованы және басқаларын төл мерекелерімен құттықтап, отбасына амандық-саулық тілеймін.

Халқымызда «Билігі мықты елдің – тірлігі құтты» деген даналық бар. Сондықтан қашан да жүгі ауыр билік міндетінің мақсаты биік екені барлық мемлекеттік қызметшілердің жадында жүруі керек. Мемлекеттік қызметшінің басты міндеті Отаны мен халқына адал қызмет етумен бағаланады.

Ақындар мен батырлар елі атанған қасиетті ауданымыздың ең басты рухани байлығы мен күш-қуаты біздің қалыптасқан берік дәстүріміз бен мызғымас ынтымағымызда. Ендеше, әрдайым елдігімізді, бірлігімізді көрсету, аудан абыройын асқақтату – мемлекеттік қызметші ретіндегі басты борышымыз, қасиетті міндетіміз. Осынау қиындығы мен қуанышы мол абыройлы қызметті атқаруда баршаңызға табыс тілеймін.

Жандарбек ДАЛАБАЕВ,
Жамбыл ауданының әкімі.

Қоғамдық кеңесте

Жамбыл ауданының қоғамдық кеңесі 2017 жылғы шілденің 14-дегі қоғамдық тыңдауда Жамбыл аудандық ветеринария бөлімі басшысының жұмысы туралы есебін талқыланатынын хабарлайды.
Байланыс телефондары:
2-13-84, 2-07-79;
Өтетін орны:
ЖАМБЫЛ АУДАНЫ
ӘКІМДІГІНІҢ ҒИМАРАТЫ
Басталатын уақыты:
сағат 10-00

♦ 23 маусым – Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілер күні

Мемлекеттік қызмет – мәртебелі міндет

Ауданның жергілікті атқарушы органдарында 266 мемлекеттік қызметші бар, олардың 17-і аудан әкімі аппаратында, 70-і аудандық бөлімдерде, 179-ы ауылдық округ әкімдерінің аппаратында қызмет атқарады.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бес институттық реформаны жүзеге асыруға бағытталған «Ұлт жоспары – 100 қадам: баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет» атты іс-қимыл жоспарының алғашқы 15 қадамы мемлекеттік басқару мәселелеріне арналған.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызмет туралы» Заңы бойынша мемлекеттік қызмет құрудың қарьералық тәртібі енгізілді. Әрбір мемлекеттік қызметке орналасушы мемлекеттік қызметті ең төменгі лауазымнан бастайды және қарьералық өсу үшін төменгі лауазымдарда белгіленген мөлшерде жұмыс тәжірибесі болуы міндеттеледі.

Биылғы жылдың басынан бері аудан бойынша төменгі лауазымдарға орналасуға 24 конкурс жарияланып, олардың нәтижесі бойынша 18 адам мемлекеттік қызметке тағайындалды.

Ашықтық пен объективтілікті қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік қызметке қабылдау конкурстарына аудандық мәслихат депутаттары, «Нұр Отан» партиясы филиалының қызметкерлері, аудандық газеттің, мемлекеттік қызмет департаментінің өкілдері бақылаушы ретінде қатысуда.

Мемлекеттік қызметшілерді 3 жылда 1 рет оқыту жүйесін жүзеге асыру мақсатында бекітілген кестеге сәйкес жыл басынан бері 22 мемлекеттік қызметші біліктілігін арттырды немесе қайта даярлаудан өтті.

Биылғы жылы Ұлт жоспарында белгіленген тапсырма бойынша аудандағы 266 мемлекеттік әкімшілік қызметшінің аттестаттауға жататын 181-і кешенді аттестаттаудан өтті.

Аудан бойынша 73 көпбалалы және жалғыз басты аналар, мүгедек балалары бар аналар, арнайы тексеру нәтижелері келмеген мемлекеттік қызметшілер және зейнеткерлік жасқа жакындағандар аттестаттау сынағынан босатылды.

Аттестаттау үш кезеңге бөлініп өткізілді. Ауданның мемлекеттік қызметшілері аттестаттаудың екінші және үшінші кезеңдеріне қатысты. Аттестаттаудың екінші кезеңінде аудан әкімінің орынбасарлары, аудандық мәслихат пен аудан әкімі аппаратының басшылары, ауылдық округ әкімдері, аудандық бөлім басшылары, барлығы 37 мемлекеттік қызметші аттестаттаудан өтіп, нәтижесінде 35 мемлекеттік қызметші атқаратын қызметіне сай келеді деп танылды, ал екеуіне қызмет бабында жоғарылату туралы ұсыныс берілді.

Аттестаттаудың екінші кезеңіне аудан әкімі аппаратының бөлім басшылары, ауылдық округ әкімдерінің орынбасарлары, аудандық бөлімдердің

сектор меңгерушілері, аудандық бөлімдер мен ауылдық округ әкімдері аппаратының бас мамандары және жетекші мамандары қатысты.

Барлығы 144 мемлекеттік қызметші аттестаттаудан өтіп, аттестаттау қорытындысында 132 мемлекеттік қызметші атқаратын қызметіне сай келеді деп танылды, 9 мемлекеттік қызметші қызмет бабында жоғарылатуға, 3 мемлекеттік қызметші төмендетуге лайық деп танылып, тиісті ұсыныстар берілді.

2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап мемлекеттік қызметшілерге еңбекақы төлеудің жаңа әдістемесі қолданысқа енгізіледі. Мемлекеттік қызметшілердің қызметін бағалауда Алматы облысы әкімдігінің 2016 жылғы 24 ақпандағы № 95 қаулысымен бекітілген «Б» корпусының әкімшілік мемлекеттік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесі басшылыққа алынууда. Бұл мақсатта мемлекеттік қызметшілердің 266 жеке жұмыс жоспарлары жасалып, бағалау жөніндегі комиссиялар құрылды.

Қорыта айтқанда, мемлекеттік қызметшінің халыққа қызметі абыройлы болуы үшін барлық мүмкіндіктер қарастырылууда. Бұл тұрғыда әр мемлекеттік қызметші өзіне жүктелген жауапкершілік жүгін жете түсініп, азаматтарға сапалы қызмет көрсетуді басты мақсат тұтқаны абзал.

А.НҮРПЕЙІСОВ,
аудан әкімі аппаратының басшысы.

♦ Салтанат

Ел күзетіндегі ерендер марапатталды

Аудандық мәдениет үйінде Қазақстан Республикасы полиция күнінің 25 жылдығы атап өтілді.

Мерейлі мерекеде аудан әкімінің орынбасары Нұрлан Ерғас: – Сіздер қазақстандық полиция құрылған күннен бастап Ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың қоғамдық тәртіп пен азаматтардың құқығын қорғау бағытында қажырлы еңбек етіп келесіздер. Тәртіп сақшыларының жұмысы уақытқа бағынбайды. Біз сіздердің кәсіптеріңіздің қаншалықты қиын, тіпті кейде аса қауіпті екенін жақсы түсінеміз. Сондықтан мемлекет сіздердің еңбектеріңізге қолайлы жағдай туғызу

үшін ішкі істер органдарының материалдық техникалық базасын жақсартуға жыл сайын қомақты қаржы бөліп отыр. Ендеше, антына адал, білікті мамандардың қатары көбейе береді деген сенімдеміз», – деді.

Салтанатты шара барысында өз міндетін ойдағыдай атқарған бір топ полиция қызметкері Алматы облысы әкімінің және Жамбыл ауданы әкімінің Құрмет грамоталары және Алғыс хаттарына ие болды.

Алматы облысы әкімінің «Құрмет грамотасын» аударық ішкі істер бөлімі бастығының бірінші орынбасары, полиция подполковнигі Алматы Рахымбаев, «Алғыс хатын» аға тергеуші, полиция майоры Шоқан Ахметов алды.

Облыстық ішкі істер департаменті бастығының қолдауымен «Қазақстан полициясына – 25 жыл» мерекелік медалі аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы, полиция полковнигі Ерлан Іңкәрбаевқа, аудандық ішкі істер бөлімі бастығының бірінші орынбасары, полиция подполковнигі Алматы Рахымбаевқа, аудандық ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары, полиция подполковнигі Асхат Тегенбаевқа, аудандық ішкі

істер бөлімі бастығының орынбасары, полиция полковнигі Сауытбек Қалысбаевқа, аудандық ішкі істер органы ардагерлер ұйымының төрайымы,



полиция подполковнигі Күлсара Толымбековаға, аудандық ішкі істер бөлімі кадр жұмысы тобының инспекторы, полиция аға лейтенанты Алмас Құсайыновқа берілді.

Аудан әкімінің шешімімен аудандық ішкі істер бөлімі жергілікті полиция қызметінің ювеналдық полиция тобының кәметке толмағандар ісі жөніндегі аға учаскелік полиция инспекторы, полиция подполковнигі Жәкен Қадыровқа, криминалдық полиция бөлімшесінің аға жедел уәкілі, полиция майоры Мұхит Төртбаевқа, көші-қон қызметі тобының аға инспекторы, полиция майоры Алмас Құрмашевқа, тергеуші, полиция капитаны Данияр Құйқабаевқа, аудандық жергілікті полиция қызметінің учаскелік полиция инспекторы, полиция капитаны Айбек Нүсіпбаевқа «Грамота», жергілікті полиция қызметінің басшысы Данияр Ізбасаровқа «Құрмет грамотасы» берілді. Жергілікті полиция қызметінің жол-патрулдік полиция қызметінің аға сержанты Нұржан Қуандықов, жергілікті полиция қызметінің учаскелік полиция инспекторы, полиция аға лейтенанты Данияр Кебеков, ішкі

істер бөлімінің жедел кезекші көмекшісі, полиция старшинасы Лияс Әмірханов «Алғыс хат» алды.

Аудандық ішкі істер бөлімі бастығының грамотасымен криминалдық полиция бөлімшесінің аға жедел уәкілі, полиция майоры Айдын Қыясов, жергілікті полиция қызметінің учаскелік полиция инспекторы, полиция майоры Сайлаухан Төлеубек, лицензиялық рұқсат беру жүйесінің аға инспекторы, полиция капитаны Қайрат Ниязбеков, жедел криминалистика тобының инспекторы, полиция аға лейтенанты Рамазан Темір, ақпараттық аналитика тобының технигі, полиция аға сержанты Мерей Қойшыбаев, уақытша ұстау изоляторының айдаушы, полиция старшинасы Бекдос Мырзаханов марапатталды.

Алматы облысы ішкі істер департаменті ардагерлер кеңесінің марапаты аудандық ішкі істер органы ардагерлер ұйымының төрайымы, полиция подполковнигі Күлсара Толымбековаға берілді.

Сондай ақ, облыстық ішкі істер департаментінің ардагерлер ұйымы «Қазақстан полициясының 25 жылдығы» мерекесі құрметіне «Генерал-лейтенант Шырақбек Қабылбаев» және «Генерал-лейтенант Мәкен Есболатов» төсбелгісімен және «Совет милициясына – 100 жыл» төсбелгісімен полиция полковнигі Майданбек Есжан, Ерғали Таңатбаев, Әбдіғалым Жолтаев, полиция капитаны Смед Бәкіров, полиция майорлары – Мәулет Мұхамеджанов, Ұларбек Рахманов, Қайрат Сәбитов, Қайрат Нұрғалиев, Жорабек Жарасбаев, полиция старшинасы Асқар Ешпенханов марапатталды.

«Совет милициясына – 100 жыл» медалімен аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы, полиция полковнигі Ерлан Іңкәрбаев марапатталды. Ал аудандық ішкі істер бөлімі бастығының орынбасарлары, полиц ия подполковнигі Алматы Рахымбаев пен Асхат Тегенбаев «Генерал-лейтенант Мәкен Есболатов» төсбелгісіне ие болды.

Салтанатты жиында жергілікті полиция қызметі ювеналдық полиция тобының инспекторы, полиция майоры Гүлнар Райысова сөз сөйледі.

Ел тыныштығы күзетінде жүрген антына берік адал жандар әрқашан мадақтауға лайық. Олардың тынымсыз еңбегіне біз де әрдайым сәттілік тілейміз.

К.ТІЛЕУБАЙ.

Ұлы даладағы ұлы дүбір

Елбасы 2014 жылғы (17 қаңтар) Жолдауында Қазақстан Республикасының тарихына енетін 10 креативтік идеяны анықтап, соның ішінде: «Энергетикада – ЭКСПО – 2017-ге дайындық барысында Астана болашақтың энергиясы мен жасыл экономиканы іздеу мен құру жөніндегі озық әлемдік тәжірбиені зерттейтін және енгізетін орталыққа айналады. Жаңа мұнай өңдеу зауыты салынып, ядролық энергетика, оның ішінде атом станциясының құрылысы дамиды», – деген еді. Міне, сол күнге төрт көзіміз түгел аман-есен жетіп отырмыз. Бұл Қазақстан халқының тату-тәтті ынтымағы мен бейбітшілігің арқасы.

Әлем назарын өзіне аударған Сарыарқа төрінде шетелдік қонақтарға құшағын айқара ашқан көрме өзінің айрықша ерекшеліктерімен өзге жұртты тәнті етуде. Бұл айтулы тарихи шараны шетелдік БАҚ-өкілдері де жарыса жазуда. Қазір телевизорды қосып қалсаң, газет-журналды ашып қалсаң, смартфонды басып қалсаң болғаны Астана төріндегі көрме туралы, шетелдік қонақтар туралы жазылған дүниелерге көз сүрінеді. Бұл тек қана жай көрме ғана емес, мәдениеттерді бір арнаға тоғыстырған алтын көпір болды. Адамзат баласының өсіп-өркендеуі мен дамуы жолында болашаққа назар аударған ойлардың ашық алаңына айналды.

Ресми деректер бойынша, халықаралық мамандандырылған көрменің салтанатты ашылу рәсіміне бірқатар елдің мемлекет және үкімет басшылары қатысты. Құрметті қонақтар қатарында Чехия Республикасының Президенті Милош Земан, Люксембург Ұлы Герцогтігінің Премьер-Министрі Ксавье Беттель,



Қырғызстан Президенті Алмазбек Атамбаев, Армения Президенті Серж Саргсян, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Сербия Президенті Александр Вучич, Үндістан Премьер-Министрі Нарендра Моди, ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин, Беларусь Президенті Александр Лукашенко, Монғолия Президенті Цахиагийн Элбэгдорж, Түрікменстан Президенті Гурбангулы Бердімұхамедов, Пәкістан Премьер-Министрі Наваз Шариф, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Испания королі Филипп VI, сондай-ақ көршілес Ресейдің Президенті Владимир Путин де бар.

«Астана ЭКСПО – 2017» ұлттық компаниясының басқарушы директоры Бейбіт Қарымсақов: «Осы уақытқа дейін павильондарға адамдардың кіріп шығу көрсеткіші 1 млн. 57 мыңнан асты. «Бір қонағымыз бір күннің ішінде 5-6 павильонды көріп үлгереді. Біздің есебімізге сәйкес, осы уақытқа дейін көрмеге 26 мыңнан астам шетел азаматы келіп кетті. Ол барлық қонақтардың 13 пайызын құрап отыр», – деп хабарлады, Астанада өткен баспасөз мәслихатында.

Оның сөзіне қарағанда, көрмеге келген 10 мың адам – 6 жасқа дейінгі балалар

болса, мүгедектер мен ардагерлердің саны 2 мыңнан асты. «14 мың адам ол – оқушылар, студенттер мен зейнеткерлер. Қазіргі динамикаға қарасақ, көрмеге келетін адамдардың саны күн сайын артып келеді. Мысалы, алғашқы күні 17 мың адам келсе, өткен жұмада 34 мыңнан астам адам келіп кетті», – деп атап көрсетті компанияның басқарушы директоры.

Айта кетейік, жоспар бойынша Астанадағы ЭКСПО-2017 көрмесіне келіп кететін адамдардың саны 2-2,5 млн. болады. Ал павильондарды көріп кету көрсеткіші 5 млн.-ға жетуі тиіс. Себебі, бір адам кем дегенде екі рет келіп кетеді деген болжам бар.

Әлем бойынша электр қуаты көздерінің балама түрлеріне деген сұраныс жылдан-жылға артып келеді. Адамзат баласы мекен еткен жер шарының, қоршаған ортаның экологиялық тепе-теңдігін сақтау үшін аса маңызды. Дүние жүзі ғалымдарының болжамы бойынша, үстіміздегі ғасырдың ортасына таман жаһандық энергетикалық баланстағы балама қуат көздерінің үлесі 35 пайызға жететін көрінеді. Еуроодақ өзінің мұндағы үлесін 2020 жылдары 20 пайызға, 2040 жылдары 40 пайызға жеткізуді көздеп отыр. Қазір іс жүзінде барлық дамыған елдерде жаңа технологияны қалыптастыру және дамыту бағдарламалары кеңінен жүзеге асырылуда. Мұндай жаһандық бастамалардан тысқары қалмайтынын еліміз осы жолы дәлелдеп отыр. Замана көшіне ілесу үшін жаңашылдыққа бет алу, рухани санасы жаңғырған ұлттардың ғана еншісі екенін уақыттың өзі көрсетті. Біздің ел бұл үрдіске тас-түйін дайын екенін дәлелдеді.

Нүсіпбек ЖЕКСЕНҚАДЫР.

ЖОБА

Жамбыл аудандық мәслихатының 2016 жылғы 26 тамыздағы № 6-35 «Жамбыл ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 2-3 тармағына және «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес, Жамбыл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жамбыл аудандық мәслихатының 2016 жылғы 26 тамыздағы № 6-35 «Жамбыл ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2016 жылдың 23 қыркүйегінде № 3966 тіркелген, аудандық «Атамекен» газетінде 2016 жылдың 1 қазанында № 39 (5823) жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.

1) ереженің 7 тармағының 6-тармақшасы төмендегі редакцияда жазылсын: Қазақстан Республикасының жоғары, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының күндізгі бөлімдерінде оқитын жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға табыстарын есепке алмай, құрамында оқитын балалары бар аз қамтылған отбасыларға, әлеуметтік көмек тағайындауға жүгінген, жан басына шаққандағы орташа табысы өтініш жасалған тоқсанның алдындағы облыс бойынша белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасынан аспаған жағдайда 500 айлық есептік көрсеткішке дейін, бюджетте көзделген ағымдағы қаржы жылына арналған қаражат шегінде.

2) ереженің 7 тармағындағы 7-тармақшасының 2 абзацы төмендегі редакцияда жазылсын: Бюджетте көзделген ағымдағы қаржы жылына арналған қаражат шегінде, 3-айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен мүгедектерге, табыстарын есепке алмай, ай сайынғы әлеуметтік көмек көрсетіледі.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Жамбыл аудандық мәслихатының «Әлеуметтік инфрақұрылымдарды дамыту, халықты әлеуметтік қорғау, білім, денсаулық сақтау, тіл, спорт, мәдениет, қоғамдық ұйымдармен байланыс, құқықтық реформа және заңдылық жөніндегі» тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Жамбыл аудандық мәслихатының сессия төрағасы.
Жамбыл аудандық мәслихатының хатшысы.

ПРОЕКТ

О внесении изменений и дополнений в решение Жамбылского районного маслихата от 26 августа 2016 года № 6-35 «Об утверждении Правил оказания социальной помощи, установления размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан Жамбылского района

В соответствии с пунктом 2-3 статьи 6 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» и Постановлением Правительства Республики Казахстан от 21 мая 2013 года № 504 «Об утверждении Типовых правил оказания социальной помощи, установления размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан», Жамбылский районный маслихат **РЕШИЛ:**

1. Внести в решение Жамбылского районного маслихата от 26 августа 2016 года № 6-35 «Об утверждении Правил оказания социальной помощи, установления размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан Жамбылского района» (зарегистрированного в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов от 23 сентября 2016 года № 3966, опубликованного в районной газете «Атамекен» от 1 октября 2016 года № 39 (5823)) следующие изменение и дополнение.

1) изложить в следующей редакции п.п. 6, пункт 7: Дети-сироты, дети оставшиеся без попечения родителей, без учета доходов, малообеспеченные семьи, имеющие в составе обучающихся в дневных отделениях в организациях высшего, технического и профессионального, послесреднего образования Республики Казахстан, со среднедушевым доходом, не превышающим величину прожиточного минимума, установленного по области, предшествовавшем кварталу обращения за назначением социальной помощи, в размере до 500-месячных расчетных показателей в пределах средств, предусмотренных бюджетом на текущий финансовый год.

2) изложить в следующей редакции п.п 7, пункта 7 абзаца 2: Ежемесячная социальная помощь без учета доходов оказывается участникам и инвалидам Великой Отечественной войны, до 3 месячных расчетных показателей в пределах средств, предусмотренных бюджетом на текущий финансовый год.

2. Контроль за исполнением настоящего решения возложить на постоянную комиссию Жамбылского районного маслихата «По вопросам развития социальной инфраструктуры, социальной защиты населения, языка, спорта, культуры, образования, здравоохранения, общественных объединений и связи, правовой реформы и законности».


3. Настоящее решение вступает в силу со дня государственной регистрации в органах юстиции и вводится в действие со дня его первого официального опубликования.

Председатель Жамбылского районного маслихата.
Секретарь Жамбылского районного маслихата.



ӘЛЕУМЕТТІК
МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ
ҚОРЫ

Тұрғындар тұщымды жауап алды



Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі медициналық қызметке ақы төлеу комитетінің Алматы облысы бойынша департаменті РММ басшысы Мақсұт Болатұлы Қалажанов Үлкен ауылындағы «Восточное Управление» ЖШС мекемесінде міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы түсіндірме жүргізді. Кездесуге 72 адам қатысып, Мақсұт Болатұлына түрлі сұрақтар қойды. Олар көкейде жүрген толғақты мәселелері туралы тұщымды жауаптар алып, білікті маманға дән ризашылығын білдірді.

“Атамекен-ақпарат”.

Мүгедек балалардың ата-аналарына психологиялық көмек

Жамбыл аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі онлайн қолдау қызметін «Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық» РМҚК БАЙЛАНЫСОРТАЛЫҒЫ 1411 БІРІҢҒАЙ ТЕГІН НӨМІРІ, «Қазақстандық-Ресейлік медициналық уни-верситеті» білікті психиатрия кафедрасының мамандары, неврологиялық курсы бар наркологтар, жалпы медициналық психологтар мен педагогтарды тарту арқылы психологиялық көмек пен кеңес беру қызметі туралы аудандық “Атамекен” газетіне 2017 жылғы қаңтардың 21-де № 4-1 хабарландыру берді.

Ағымдағы жылдың екінші тоқсанында 1411 номеріне тегін хабарласып, тіркелген мүмкіндігі шектеулі бала тәрбиелеп отырған 15 ата-ана скайп арқылы кеңес алды. 10 сәуірде онлайн қолдау қызметіне байланысты әлеуметтік қызметкерлер арасында түсіндірме жиналысы өткізілді. Жиналыс барысында қызметкерлерге 40 дана брошюра тапсырылып, олар халық көп жүретін орындарда (базар, банк, почта және т.б.) таратылды. 13, 14 сәуірде Жамбыл аудандық әкімінің сайтына онлайн қолдау қызметі туралы хабарлама ілінді. 16 мамырда онлайн қолдауды жүзеге асыру мақсатында флаер жасалып, халық көп жүретін орындарда (базар, банк, почта және т.б.) 50-данасы таратылды.

Жақсылық ҚАРЫМБАЕВ,
Жамбыл аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы.

Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясының 2017 жылғы маусымның 23-дегі № 13 шешімі
Жамбыл ауданы бойынша Қарақыстақ, Қарасу, Сарытауқұм,Таран, Мәтібұлақ, Үлкен, Үлгілі, Шиен ауылдық округтері әкімдерінің сайлауын тағайындау туралы
Жамбыл аудандық сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасының Президентінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі «Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерінің сайлауын өткізудің кейбір мәселелері туралы» № 555 Жарлығына сәйкес ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ: 1. Жамбыл ауданы бойынша Қарақыстақ, Қарасу, Сарытауқұм,Таран, Мәтібұлақ,Үлгілі,Үлкен, Шиен ауылдық округ-тері әкімдерін сайлау 2017 жылғы 8 тамызға тағайындалсын. 2. Қарақыстақ, Қарасу, Сарытауқұм,Таран, Мәтібұлақ,Үлгілі,Үлкен, Шиен ауылдық округтері әкімдерінің сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспары қосымшаға сәйкес бекітілсін. 3. Осы шешім жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялансын.

Ы.АМАЛБЕК,
аудандық сайлау комиссия төрағасының орынбасары.
Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясының 2017 жылғы 23 маусым № 13 шешіміне қосымша
2017 жылғы 8 тамызға тағайындалған Алматы облысы, Жамбыл ауданы Қарақыстақ, Қарасу, Сарытауқұм, Таран, Мәтібұлақ, Үлкен, Үлгілі, Шиен селолық округі әкімдерінің сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспары

1. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік тұрғындарының назарына жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары арқылы сайлау күні туралы хабарды жеткізу.	11. Кандидаттарға таңдаушылармен кездесулері үшін шарт негізінде үй-жайлар беру.
Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.	Кандидаттардың бөлінген үй-жайда таңдаушылармен кездесу кестесін жасау және оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау.
(Қағидалардың 11 т.)	Жергілікті атқарушы органдар және жергілікті өзін-өзі басқару органдары.
2. Бұқаралық ақпарат құралдарында тиісті аумақтық сайлау комиссиясының құрамын жариялау.	Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиялары.
Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.	Сайлау алдындағы үгітті жүргізу кезеңінде.
Сайлау тағайындалғаннан кейін 7 күннен кешіктірмей.	(Қағидалардың 1, 7 т.т.) 9 т.)
(Қағидалардың 1т.), 7 т.) 9 т.) (Заңның 136.4 т.)	12. Сайлау алдындағы үгітті жүргізу.
3. Әкімдікке кандидаттарды балама негізде аумақтық сайлау комиссиясына тиісті әкімнің ұсынымы мен кандидаттардың тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында әкімдікке кандидаттар ретінде дауысқа түсуге келісетіні туралы өтініштерді беруі арқылы ұсыну.	Әкімдікке кандидаттар, олардың сенім білдірілген адамдары.
Аудан әкімі.	Кандидаттарды тіркеу аяқталған күннен басталады және сайлау күнінің алдындағы күні – 2017 жылғы 6 тамызда жергілікті уақыт бойынша 24 сағатта аяқталады.
Сайлау күнінен 30 күн бұрын – 2017 жылғы	(Қағидалардың 28 т.)
9 шілдеде басталады және сайлау күніне 25 күн қалғанда – 2017 жылғы 13 шілдеде аяқталады.	13.Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссияларында сайлау қорларын тіркеу.
(Қағидалардың 13, 14, 15 т.т.)	Әкімдікке кандидаттар, олардың сенім білдірілген адамдары.
4. Таңдаушылардың тізімдерін жасау және оларды дауыс беруге арналған пунктте ілу.	Кандидаттың тиісті аумақтық сайлау комиссияларына өтініш жасаған сәтінен бастап бір күнтізбелік күннің ішінде.
Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы тиісті мәслихат хатшысының ұсынуы бойынша.	(Қағидалардың 1, 7 т.т.) 9 т.)
Дауыс беру күніне 7 күн қалғанда – 2017 жылғы 1 тамызда.	14. Сайлау қорларының арнайы уақытша шоттарын ашу.
(Қағидалардың 1, 7) т.т. 9, 48 т.т.)	Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.
5. Әкімдікке кандидаттың Қазақстан Республикасы Конституциясының 33-бабы 3-тармағында және Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерінің сайлауын өткізу ережесінде қойылатын талаптарға сәйкестігін анықтау, тиісті хаттама жасау.	Кандидат тіркелгеннен кейін.
Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.	(Қағидалардың 1, 7 т.т.) 9 т.)
Үш күннің ішінде.	15. Дауыс беруге арналған пунктті ашу, тиісті хаттама жасау.
(Қағидалардың 12, 17, 19 т.т.)	Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.
6. Тұрғылықты жері бойынша салық органдарына 2017 жылғы бірінші шілдеге табысы мен мүлкі туралы декларация тапсыру.	Дауыс берудің басталуына бір сағат қалғанда.
Кандидат және оның зайыбы (жұбайы).	(Қағидалардың 52 т.)
Кандидат тіркелгенге дейін.	16. Әкімнің сайлауын өткізу. Әкімді сайлау жөніндегі дауыстарды санау және дауыс беру нәтижелерін жария ету, әкімді сайлау нәтижелері туралы хаттама жасау.
(Қағидалардың 18 т.)	Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.
7. Кандидаттарды тіркеу және тиісті куәлік тапсыру	Бір күннің ішінде - 2017 жылғы 8 тамызда.
Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.	(Қағидалардың 47-54 т.т.)
Барлық қажетті құжаттар алынғаннан кейін басталады және дауыс беретін күнге 15 күн қалғанда – 2017 жылғы 23 шілдеде аяқталады. (Қағидалардың 20, 24 т.т.)	17. Сайланған әкімді тіркеу. Шешімді жоғары тұрған әкімге және тиісті мәслихатқа ұсыну.
8. Жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге тәсілмен кандидаттардың тіркелгені туралы хабарлау.	Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.
Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.	Сайлау өткізілген күннен бастап бес күндік мерзімде – 2017 жылғы 8 тамыздан кешіктірмей.
Кандидаттар тіркелгеннен кейін 7-ші күннен кешіктірмей.	(Қағидалардың 57 т.)
(Қағидалардың 1 т.) 22 т.)	18. Кандидаттың сайлау қоры қаражатын пайдаланғаны туралы аумақтық сайлау комиссиясына есеп беруі.
9. Кандидат пен оның зайыбы (жұбайы) жариялаған табысы және мүлкі туралы мәліметтердің дұрыстығын тексеру.	Әкімдікке кандидаттар.
Салық қызметі органдары.	Сайлау қорытындылары анықталғаннан кейін 5 күннен кешіктірмей -2017жылғы 12тамыздан кешіктірмей.
Кандидат пен оның зайыбы (жұбайы) декларацияны тапсырған күннен бастап 7 күннің ішінде.	(Қағидалардың 44 т.)
(Қағидалардың 19 т.)	19. Жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында сайлау қорытындылары және сайланған әкімді тіркеу туралы хабар жариялау.
10. Кандидаттардың сенім білдірілген адамдарын тіркеу және оларға тиісті куәліктер беру.	Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.
Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.	Сайлау өткізілген күннен бастап 7 күннен кешіктірмей – 2017 жылғы 14 тамыздан кешіктірмей.
Сенім білдірілген адамдардың тізімдерін тіркеу үшін берген сәттен бастап.	(Қағидалардың 1, 7 т.т.) 9 т. 59 т.)
(Қағидалардың 2 т.) 9 т, 33, 34 т.т.)	Ескертпе: <i>Күнтізбелік жоспардың мәтінінде Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының және Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 сәуіріөегі № 555 Жарлығымен Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерін қызметке сайлау, өкілеттігін тоқтату және қызметтен босату қағидалары нормаларына сілтемелер жасалды.</i>

Жамбылская районная территориальная избирательная комиссия от 23 июня 2017 года решение № 13
О назначении выборов акима Каракастекского, Карасуйского, Сарытаукумского, Таранского, Матибулакского, Ульгулинского, Улькенского, Шиенского сельских округов Жамбылского района
В соответствии с Указом Президента Республики Казахстан от 24 апреля 2013 года №555 «О некоторых вопросах проведения выборов акимов городов районного значения, сельских округов, поселков и сел Республики Казахстан, не входящих в состав сельского округа» Жамбылская районная избирательная комиссия РЕШИЛА:
1. Выборы акимов Каракастекского, Карасуйского, Сарытаукумского, Таранского, Матибулакского, Ульгулинского, Улькенского, Шиенского сельских округов назначить на 8 августа 2017 года.
2. Утвердить календарный план мероприятий по подготовке и проведению выборов акимов Каракастекского ,Карасуйского, Сарытаукумского, Таранского, Матибулакского, Ульгулинского, Улькенского, Шиенского сельских округов согласно приложения.
3. Опубликовать настоящее решение в местных средствах массовой информации.
Ы.АМАЛБЕК,
зам.председателя районной избирательной комиссии.
Утвержден решением Жамбылской районной избирательной комиссии от 23 июня 2017 года № 13
Календарный план основных мероприятий по подготовке и проведению выборов акима Каракастекского, Карасуйского, Сарытаукумского, Таранского, Матибулакского, Улькенского, Ульгулинского, Шиенского сельских округов Жамбылский район Алматинская область назначенных на 8 августа 2017 года
1. Доведение сообщения о дне выборов до сведения жителей соответствующей административно-территориальной единицы через местные средства массовой информации.
Жамбылская районная территориальная избирательная комиссия.
(п.11 Правил)
2. Опубликование в средствах массовой

информации состава соответствующей территориальной избирательной комиссии.

Жамбылская районная территориальная избирательная комиссия. Не позднее чем через 7 дней после назначения выборов .

(пп.1), 7) п.9 Правил) (п 4 ст 13 Закона)

3. Выдвижение кандидатов в акимы на альтернативной основе путем подачи в территориальную избирательную комиссию представления соответствующего акима и заявлений кандидатов о согласии баллотироваться кандидатами в акимы на территории соответствующей административно-территориальной единицы.

Аким района.

Начинается за 30 дней до дня выборов - 9 июля 2017 года и заканчивается за 25 дней до дня выборов - 13 июля 2017 года.

(п.п. 13, 14, 15 Правил)

4. Составление списков выборщиков и вывешивание его в пункте для голосования.

Жамбылская районная территориальная избирательная комиссия по представлению секретаря Жамбылского районного маслихата.

За 7 дней до дня голосования – 1августа 2017 года.

(пп. 1, 7) п.п. 9, 48 Правил)

5. Установление соответствия кандидата в акимы предъявляемым к нему требованиям п.3 ст.33 Конституции Республики Казахстан и Правилами проведения выборов акимов городов районного значения, сельских округов, сел, поселков Республики Казахстан, составление соответствующего протокола.

Жамбылская районная территориальная избирательная комиссия.

В течение трех дней. (п.п. 12, 17, 19 Правил)

6. Представление в налоговые органы по месту жительства декларации о доходах и об имуществе на первое июля 2017 года.

Кандидат и его (ее) супруга (супруг).

До регистрации кандидата. (п.18 Правил)

7. Регистрация кандидатов и выдача соответствующего удостоверения.

Жамбылская районная территориальная избирательная комиссия.

Начинается после получения всех необходимых документов и заканчивается за 15 дней до дня голосования – 23 июля 2017 года. (п. п. 20, 24 Правил)

8. Сообщение через местные средства массовой информации или иным способом о регистрации кандидатов.

Жамбылская районная территориальная избирательная комиссия.

Не позднее чем на 7 день после регистрации кандидатов (пп 1) п. 22 Правил)

9. Проверка достоверности декларации о доходах и об имуществе, задекларированных кандидатом и его (ее) супругой (супругом).

Органы налоговой службы.

В течение 7 дней со дня получения декларации кандидата и его (ее) супруга (супруги). (п.19 Правил)

10. Регистрация доверенных лиц кандидатов и выдача соответствующих удостоверений.

Жамбылская районная территориальная избирательная комиссия.

С момента подачи списков доверенных лиц для регистрации. (пп.2) п.9, п.п. 33,34 Правил)

11. Предоставление кандидатам помещений для встреч с выборщиками на договорной основе.

Составление графика встреч кандидатов с выборщиками в выделенном помещении и опубликование его в средствах массовой информации.

Местные исполнительные органы и органы местного самоуправления.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңының 13-бабының 4-тармағына сәйкес Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясының құрамы жарияланады

Амалбек Ықылас Еркінұлы – комиссия төрағасының орынбасары

Мәнкеева Сәулеш Сейілханқызы – комиссия хатшысы

Ыбырайжанова Бибінұр Ермекбайқызы – комиссия мүшесі

Жолтаева Света Мұқанқызы – комиссия мүшесі

Ізбасаров Данияр Өмірзақұлы – комиссия мүшесі

Мұсаева Кәмшат Ергазықызы – комиссия мүшесі

Сайлау комиссиясының орталығы: Ұзынағаш ауылы, Бәйдібек би к/сі, № 170, Жамбыл аудандық кітапхананың ғимараты, т/ф: 8/72770/ 20779

Реттік №№	Өткізу орны	Өткізу күні
1.	Қарасу селолық округі, Сарыбай би ауылының орта мектебі	2017 жылғы 10 шілде сағ. 11-00
2.	Шиен селолық округі, Шиен ауылының орта мектебі	2017 жылғы 10 шілде сағ. 15-00
3.	Қарақыстақ селолық округі, Қарақыстақ ауылының орта мектебі	2017 жылғы 10 шілде сағ. 16-30
4.	Мәтібұлақ селолық округі, Мәтібұлақ ауылының орта мектебі	2017 жылғы 11 шілде сағ. 10-00
5.	Үлгілі селолық округі, Үлгілі ауылының орта мектебі	2017 жылғы 11 шілде сағ. 12-00
6.	Сарытауқұм селолық округі, Ащысу ауылының орта мектебі	2017 жылғы 12 шілде сағ. 10-00
7.	Таран селолық округі, Балғабек Қыдырбекұлы ауылының орта мектебі	2017 жылғы 12 шілде сағ. 12-00
8.	Үлкен селолық округі, Үлкен ауылының орта мектебі	2017 жылғы 13 шілде сағ. 11-00

Жамбылская районная территориальная избирательная комиссия.

В период проведения предвыборной агитации. (пп. 1, 7) п. 9 Правил)

12. Проведение предвыборной агитации.

Кандидаты в акимы, их доверенные лица.

Начинается со дня окончания регистрации кандидатов и заканчивается в 24 часа по местному времени дня предшествующего дню выборов - 6 августа 2017 года. (п.28)

13. Регистрация избирательных фондов в Жамбылской районной территориальной избирательной комиссии.

Кандидаты в акимы, их доверенные лица.

В течение одного календарного дня с момента обращения кандидата в Жамбылскую районную территориальную избирательную комиссию (постановление Центральной избирательной комиссии Республики Казахстан от 19.08. 2010 г. № 7/8)

(пп. 1, 7) п. 9 Правил)

14. Открытие специальных временных счетов избирательных фондов.

Жамбылская районная территориальная избирательная комиссия.

После регистрации кандидата.

(пп. 1, 7) п. 9 Правил)

15. Открытие пункта для голосования, составление соответствующего протокола.

Жамбылская районная территориальная избирательная комиссия.

За один час до начала голосования. (п. 52 Правил)

16. Проведение выборов акима. Подсчет голосов и оглашение результатов голосования по выборам акима, составление протокола о результатах выборов акима.

Жамбылская районная территориальная избирательная комиссия.

В течение одного дня 8 августа 2017 года. (п.п. 47 – 54 Правил)

17. Регистрация избранного акима. Представление решения акиму Жамбылского района и в Жамбылский районный маслихат.

Жамбылская районная территориальная избирательная комиссия.

В пятидневный срок со дня проведения выборов – не позднее 8 августа 2017 года.

(п. 57 Правил)

18. Предоставление в Жамбылскую районную территориальную избирательную комиссию отчета об использовании средств избирательного фонда кандидата.

Кандидаты в акимы.

Не позднее 5 дней после установления итогов выборов - не позднее 12 августа 2017 года. (п.44 Правил)

19. Опубликование в местных средствах массовой информации сообщения об итогах выборов и регистрации избранного акима.

Жамбылская районная территориальная избирательная комиссия.

Не позднее 7 дней со дня проведения выборов – не позднее 14 августа 2017 года. (пп. 1, 7) п. 9, п. 59 Правил)

Примечание: *В тексте календарного плана даются ссылки на нормы Конституционного Закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» и Правил избрания на должность, прекращения полномочий и освобождения от должности акимов городов районного значения, сельских округов, сел, поселков Республики Казахстан Республики Казахстан, не входящих в состав сельского округа, утвержденных Указом Президента Республики Казахстан от 24 апреля 2013 года № 555.*

Дархан мінезді ұстазым



Журналистердің айтулы мерекесіне орай біздің ұжымның ардагеріне айналған, жасы алпысқа келіп, талай белестерді бағындырып, асуларды асқан Тұрсынжан Асқарұлы Токтасынов туралы жазуды жөн көрдім.

Тұрсынжан Асқарұлы 1957 жылы 1 сәуірде Шығыс Түркістан аймағында туған. 1975 жылы Ұзынағаш ауылындағы Н.К.Крупская (қазіргі Т.Рысқұлов) атындағы мектептің 8 сыныбын бітірген бозбала «Беріктас» қой совхозында әкесі Асқарға шопанның көмекшісі болып еңбек жолын бастайды. Ал 1978 жылдың қыркүйегінде сол кездегі «Дегерес» асыл тұқымды жылқы

зауытында алғашқы уақытта шопанның көмекшісі болса, кейіннен аға шопан болып қой шаруашылығының дамуына үлесін қосады. Бүгінде марқұм болған Шәлтен Қалыбеков пен Мұратбек Базарбаевтың қол астында қой бағып, мал басының өз төлі есебінен көбеюіне мейлінше атсалысады.

Тұрсынжан Асқарұлы бала жастан ән айтып, өлең жазуға талпынған жанның бірі. Ол мектеп қабырғасында оқып жүргенде қабырға газетін шығарып, өзін журналистік қырынан көрсете білген. Сол кезде бала ақынның өлеңдері мен шағын мақалалары аудандық «Екпінді еңбек» газетіне шығып, өз оқырмандарының жүрегіне жол тартқан. Мектепте қазақ тілі мен әдебиетін сүйіп оқыған Тұрсынжан ұстаздары Дәукеш Әмірқызы, бастауыш сыныпта оқытқан Дәмелі Толғанбаевамен қатар қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері Жансұлу Қарағойшина, Күміс Кемелбекова, сынып жетекшісі Шәкура Бейсебаеваның сіңірген еңбегі ерекше деп еске алады.

Суыктөбе баурайында қой баққан кезінде ол сиясы кеппеген туындыларын аптасына бір рет аудандық газетке алып келіп жүреді. Сол уақытта, яғни, 1993 жылдың 5 қыркүйегінде «Атамекен» газетінің сол кездегі редакторы Күмісжан Байжан мен оның орынбасары Әлімжан Дәуітұлы қой бағып жүрген ақын жігіттің өнерін бағалып, оны аудандық газеттің редакциясына жұмысқа алуды жөн санап, бірден шешім қабылдайды. Редакцияға жұмысқа келген жас жігіт Жұматай Қалығұлов, Бақыт Әлім, Абатбай Кірқабақов, Жаныстан Күшікова сынды журналистерден тәлім алып, қаламын ұштай түседі.

Көп жыл аудандық газет редакциясында қызмет еткен Тұрсынжан ақын Есенқұл

Жақыпбеков газетті басқарған шақта онымен бірге қызмет еткенін бақыт санап, мақтан қылып айтып отырады. Бүгінде аудандық газеттің ыстық-суығына төзіп 25 жыл осы салада қызмет етіп келе жатқан ардагер журналистің еңбегі еленіп, облыс әкімі мен аудан әкімі тарапынан бірнеше Алғыс хаттар мен Құрмет грамоталарымен марапатталған.

Иә, жасы алпысты алқымдаған ардагер журналистің еңбегі ерен екені белгілі. Ең алғаш аудандық газетке жұмысқа келгенімде газеттің корректорлық жұмысы мен жазылу стилін маған үйреткен жанның бірі де осы Түкең еді. Міне, содан бері Тұрсынжан ағамен бір бөлмеде қызмет етіп келе жатқаным 7 жылдың жүзі де болып қалыпты. Аңқылдаған даусымен, ақжарқын көңілімен аудандық редакцияға келіп-кеткен адамдармен емен-жарқын сөйлесіп, жылы шыраймен қарсы алып, шығарып салады. Аудандық газеттің телефоны шырылдағанда тұтқаны көтерсең бәрі бірден: «Тұрсынжан аға бар ма екен? Тұрсынжан өзінде ме екен? Түкең маған хабарлаңшы», – деп жатады. Осыдай қоңыраулардан кейін-ақ, Тұрсынжан ағамызды аудан жұртшылығы қалай сыйлап, құрметтейтінін көруге болады.

Елін сыйлаған, елі сыйлаған дархан мінезді, ақкөңіл, ақылшы ұстазым Тұрсынжан Асқарұлын баспасөз қызметкерлерінің айтулы мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Тұрсынжан ағама қаламыңыз талмасын, шабытыңыз көкке мәңгі самғасын деген ниетпен жұбайы Баянмен баянды ғұмыр кешуін тілеймін! Мереке құтты болсын, Түке аға!

Елдар ЖАҚЫПБЕКОВ.

Ақ жарқын, жанға жайлы жадыраған, Жақсы деген жұртыңа бар ғой баған. Кішіпейілділік кәусарына қанық болған, Кеңпейіл құшақ жайған Тұрсын ағам.

Ақ тілекті қабыл ал
(Тұрсынжан Токтасыновқа)

Еңбегің еншіндегі ел үшін ғой,
Қаламың жазу, сызу өрісің ғой.
Өлең айтып, жыр айтып ел ішінде,
Жүрген бір сен де Түке серісің ғой.

Тұнған тарих, шежіре қаламында,
Жазылған із жатыр-ау қадамында.
Тұрсынжанның жазғаны татымды деп,
Жұртың да сені жақсы бағалауда.

Еңбегің бар қашанда ел білетін,
Газеттің білесің-ау, сен ретін.
Алпыстағы «Атамекен» ақсакалы,
Оқырманың көп болсын бас бетін.
Ақ тілегін ініңнің қабыл алшы,
Өзінді қадір тұтып бір жүретін.

Марат ҚҰРМАНҚҰЛҰЛЫ.

«Газет
– халықтың көзі,
құлағы һәм тілі».
Ахмет БАЙТҰРСЫНОВ.

«Қай елдің баспасөзі
мықты болса, сол елдің
ертеңі мықты».
Міржақып ДУЛАТОВ.

Сексен бес жылғы шежіре

Қандай қоғамда болсын, жұртшылық күнделікті газет-журнал оқымай тұра алмайды. Сол арқылы болып жатқан оқиғалар барысымен танысады. Жан жадыратар жаңалықтарды біліп, рухани ләззат алады. Баспасөз қоғамның ажырамас бөлшегі болғалы қашан! Сонымен қатар, баспасөздің үлкен-кішісі болмайды деген ақиқат пікірдің түп-төркіні тереңде жатыр. Көлеміне, мәртебесіне қарамастан әр басылым өз сөзін диттеген жеріне жеткізеді.

Біздің «Атамекен» газеті де өзінің 85 жылдық ғұмырында аудан халқының сүйікті басылымына айналды. Заман өзгерісіне сәйкес газеттің көтерер жүгі, атқарар міндеті де ауқымдана түсті. Қандай өзгерісті бастан өткерсе де «Атамекен» ең алдымен халыққа қызмет етіп, оқырман көңілінен шығуға ұмтылып келеді. Өзіндік бай дәстүрі, бет-бейнесі бар газет уақытқа байланысты байып, жаңару үстінде.

Газет 1932 жылдан бастап шығады. Оның атауы да бірнеше рет өзгерді. Жылдар жылнамасына зер салсақ, «Большевиктік жол» (1932 ж.), «Ленин жолымен» (1957 ж.), «Ленин туы» (1961 ж.), «Екпінді еңбек» (1963 ж.), «Атамекен» (1992 ж.) деген газет парактарын көруге болады. Бұл газетті әр жылдары Ханымбүбі Ақжолова, Мәжит Түменов, Үсенбай Тастанбеков, Сатыбалды Асанов, Әбілғазы Тоғызбаев, Нағашыбек Қапалбекұлы, Күмісжан Байжан, Есенқұл Жақыпбеков сынды азаматтар басқарды. Қазіргі редакторы – белгілі ақын, публицист, танымал журналист Рәтбек Терлікбаев.

Газетте қазақтың біртуар қаламгерлері Балғабек Қыдырбекұлы, Сейдахмет Бердіқұлов, Оспанхан Әубәкіров, Әнуарбек Дүйсенбиев тырнақалды туындыларын жариялаған. Сондай-ақ, қабілет-қарымымен елге кеңінен танылған Қазақстанның халық ақындары – Әсімхан Қосбасаров



Сүйінші

Мыңнан бір мезет мерейі



ол жылделі 3-ші орыннан көрінді. Журналистердің төл мерекесімен орайлас келген сүйіншісті хабарға баршамыз бірге марқайдық. Біз Бақтыярды осынау табысымен шын жүректен құттықтаймыз! Қиядағыны қырандай шолақтан қырағылығынан танбасын.

Өмір жолында тек сәттілік серік болсын!

«Атамекен» газетінің ұжымы.

пен Әлімқұл Жамбылов, ақын-жазушылар Мұхаметжан Етекбаев, Есберген Естаев, Баймолда Мұса, Орысбай Әбділдәұлы, Жұмаш Арғымбаев, Надежда Лушникова, Қанипа Бұғыбаева, Мұхаметжан Әбдірахманов, Уәлихан Қалижан, Жұмабай Шаштайұлының қалдырған қолтаңбасы бар.

Әр жылдары редактордың орынбасары болған Тұрсынбек Ешенқұлов, Жұмағали

Жұмаділов, Сәдуақас Бигелдиев, Жолдасхан Құрамысов, Әлімжан Дәуітұлы, Серік Сатыбалдиев, Алина Бақтыбаева, жауапты хатшы болған Талғат Сүйінбаев, Манарбек Ізбасаров, бөлім меңгерушілері Жұматай Қалығұлов, Өмірәлі Смайылов, Базарбек Атшабаров, Еркін Құтпанбаев жемісті еңбек етті. Қаламы жүйрік журналистер Мақан Әміреев, Сейітхан Молдахметов, Керімбай

Нүсіпқұлов, Нүсіпбай Әбдірахым, Ерік Амантаев тілші, Мәуленқұл Керімов, Нұрманбет Қизатов, Болат Ақанов фототілші қызметін атқарды.

Бүгінде мемлекеттің ортақ мүддесіне орай «Атамекен» газеті де елдікті қастерлеу, дәріптеу, жұртшылықты ортақ іске жұмылдыру бағытында зор ізденіс танытуда. Газет шұрайлы тілімен, мағыналы материалдарымен, тақырыпты ашу шеберлігімен шын мәнінде көпшіліктің сүйіспеншілігіне бөленген бұқаралық ақпарат құралына айналды. Ол – Елбасының идеологиялық бағдарламасын түсіндіретін, ауданның қоғамдық-саяси, мәдени өмірін көрсететін басылым. Биыл газеттің шыға бастағанына 85 жыл толды. Осы уақыт аралығында оның 5859 саны жарыққа шықты.

Апталық басылым сенбі күндері оқырман қолына тиеді. Қазіргі таңда газет редакциясында бірнеше тәжірибелі журналистер мен баспасөз ісіне әбден машықтанған бірнеше маман қызметкер жұмыс істейді. Олардың қатарында редактор Рәтбек Терлікбаев пен бірге Тұрсынжан Токтасынов, Көгедай Шәмерхан, Бақтыяр Айталы, Елдар Жақыпбек, Әйгерім Әбу, Майра Алдабергенова, Назгүл Сәлімбаева сынды қаламгерлер бар. Газеттің сәнді шығуына жауапты хатшы Мәдина Токтасынова мен дизайнер Айнұр Қойкелова барынша атсалысады. Редакцияның кіріс-шығысына жауапты есепші Айнұр Күлменова.

Бүгінгі таңда аудандық газет 5300 данамен шығарылып, ауданның 24 селолық округіндегі 61 елді мекенге таратылады. Редакция заманауи құрылғылармен жабдықталған.

Әйгерім ӘБУ.

Қаламгер келбеті

Журналист жаһанның жаңалығын баспасөзге жариялайтын асыл мамандық иесі. Сондықтан да оның оқыған-түйгені мол, оқырманға айтар ойы оқшау, рухани-эстетикалық тәлім-тәрбиесі бөлек. Жаны таза, арына сызат түспеген маманның ұлттық салт-дәстүрмен ұштастыра мәселенің мән-жайын іздеуі оның кәсіби қарымын анықтаса керек.

Танымал журналист Күмісжан Байжан сондай қаламы ұшқыр журналистердің бірі. Ол 1950 жылы 1 қаңтар күні Жамбыл ауданы, Үңгіртас ауылында туып, Үңгіртас ауылындағы мектеп интернатынан білім алып, кейіннен Жамбыл ауылында орта мектепті бітірген соң, С.М.Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінің журналистика факультетін ойдағыдай аяқтаған.

Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының екі мәрте иегері, белгілі журналистің республикалық, облыстық баспа-сөз беттерінде ана тілдің тұғырын биіктету, дін мен діл тазалығы, адамгершілік, ар алдындағы жауапкершілік сияқты тақырыптарда жазған дүниелері талай оқырманның өміріне нұсқаулық болып, сондай-ақ көптеген кәсіби білікті тұлғалардың еңбегін көрсетіп насихаттағаны да анық. Ал, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жыл сайынғы Жолдауларын халыққа түсіндіру, облыстағы инновациялық жобалар мен шағын және орта бизнестің дамуы, ұлтаралық татулыққа шақырған публицистикалық мақалалары қоғамдық пікірдің қалыптасуына оң әсер етті. Жетісу шежіресін зерттеген қаламгердің киелі мекенде туып-өскен бабалары мен бауырларының өмірін жинақтаған «Жамбыл елінің жайсаңдары», жер-су тарихынан сыр шертетін тағылымдық «Кие», «Жақсылардың парызы», «Көз ілмейтін көңіл», «Сөнбейтін



сезім» атты бірнеше кітаптары баспадан басылып шығып қалың оқырманға жол тартты. Еңбегімен еленіп, халқына қалаулы, еліне елеулі, абыройға кенелген Күмісжан Байжанның адамгершілік келбеті, парасаттылығы, қайырымдылығы бөлек әңгімеге татиды. Жан-жағына жанарымен шуақ шашып, өзі тілдескен адамның жанын баурап алатыны, қиналғанға қол ұшын бере жүруі ақ жүрек жанның шын табиғи болмысы.

Күмісжан Байжан қызмет жолын бұрынғы Күрті аудандық «Шұғыла» газетінде бастап, журналист қызметінің түрлі сатыларынан өткен, осында шығармашылық қарымын шыңдаған. Талабы таудай, өз ісіне шынайы берілген тілшіні Алматы облыстық партия комитеті 1986 жылы өзінің туған еліндегі «Екпінді еңбек» газетіне редактор етіп бекітеді. Содан аттай жиырма жылдан астам аудандық газеттің өсіп-өркендеуіне өлшеусіз үлес қосып, газеттің заман талабына сай «Атамекен» деп аталуына түрткі болды. Осы жылдары аудандық

партия комитетінің бюро мүшесі, аудандық Кеңестің бірнеше шақырылымына депутат болып сайланды.

2006 жылғы қыркүйек айында «Егемен Қазақстан» газетінің Алматы облысындағы меншікті тілшісі қызметіне тағайындалып, Жетісудың тыныс-тіршілігін, халықтың әлеуметтік-мәдени жағдайын, экономикалық өсуін жан-жақты талдап жазды. Үнемі ізденісте жүретін Күмісжан апайымыз қолынан қаламы түспей, аудандағы қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, әртүрлі ірі бастамалардың ұйытқысы болып жүреді.

«Атамекен» газетінде бас редактор болған жылдарында бір шоғыр қабілетті қаламгерлерді тәрбиеледі. Атап айтсақ, Рәтбек Терлікбаев, Ерік Амантаев, Болат Ақанов, Тұрсынжан Токтасынов, Серік Сатыбалдиев, Қайрат Күлменов, Жанастан Кучукова, т.б. Осындай белгілі журналистер бүгінде түрлі баспасөз құралдарында абыройлы қызмет атқаруда. Кезінде талапшыл басшы қызметкерлерін еңбекке, талмай ізденуге, білім өрісін кеңейтуге үйретіп, сол үшін жан-жақты мүмкіндік жасаған. Тіпті, олардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайына қарайласып, назарында ұстап, қол ұшын бергенін ел-жұрт айтып отырады. Бүгінде аудандық газеттің редакциясына жиі бас сұғатын кемел талант иесінің жас журналистерге берер кеңесі, әпкелік ақылы, ілтипаты мол.

Көп жыл ішкі істер саласында жауапты қызметтер атқарған өмірлік жолдасы Саламат Берекетов екеуі шырайлы шаңырақтың шаттығына бөленген ата-әже. Тұңғыш қызы Гүлмира Германияда докторлық диссертациясын сәтті қорғаса, Жібек осы мемлекеттегі университеттің студенті. Бекболаты заңгер, Гүлнұр Астанада әскери саладағы академияда ағылшын тілінің оқытушысы. Ұлын ұяға, қыздарын қияға қондырған Күмісжан апайды алда келе жатқан төл мерекесімен шын жүректен құттықтап, зор денсаулық, ұзақ өмір, талмас қанат тілейміз.

Майра АЛДАБЕРГЕНОВА.

Ту студен шындықты жалықпаған, Ел бірлігін жырлаған, шарықтаған. Жігі шолар қоғамды журналистер, Шағаладай шабыты қалықтаған.

Журналист мәртебесі

Шымыр ойын әрдайым саралаған, Алыс-жақын өңірді аралаған, Жеделдете жеткізер жаңалықтың Ақ-қарасын айшықтап даралаған.

Жақсылықты қолдайтын бал-бұл жанып, Журналисті сыйлайды сан мың халық. Сұрақ қойып алдына барған кезде, Именеді болса да қандай алып.

Қараулықтың тұманын түріп ашқан, Оқиғаның қаншама сырын ашқан, Ел мүддесін бәрінен биік қойып, Тілейтіні – ынтымақ, тұнық аспан.

Қиянатқа болам деп арашашы, Ағарады ертерек қара шашы. Алтын артқан атан мен журналист – бір, Тек өзіне мәлім ғой тамашасы.

Мәмілемен талайды достастырған, Ақиқат пен уақытты астастырған. Арта берсін журналист мәртебесі, Парасат пен білікті ұштастырған.

Көгедай ШӘМЕРХАН.

Айшықты алты жыл

Аудан өмірінің айнасы «Атамекен» газеті қаламды кәсіп еткен мен үшін де қасиетті қара шаңырақ. Алғашқы жазғандарымды жарыққа шығарған, жазу-сызуға бағыт-бағдар берген бірінші басылым. Кейін осында қызмет ету бақыты да бұйырды.



Үңілген адамға сыры таусылмайтын мамандыққа ден қойған студенттік шақта өндірістік тәжірибеден өзіміздің осы «Екпінді еңбекте» өткенім есте. Жазғы демалыста тіпті бір ай корректор да болғаным бар.

Жоғары оқу орнын бітіріп, үлкен қалада он жылдай баспасөз бен радио саласында журналистік қызметтің дәмін татқаннан кейін, туған ауданға оралудың орайы түсті. Аудан әкімшілігінде іс қағаздарын мемлекеттік тілге көшіру, мекемелерде қазақ тілінің мәртебесін көтеру жұмысымен алты жыл айналысқан кез мені жазу-сызудан онша алыстата қойған жоқ сияқты. Қайта туған тілдің қадір-қасиетін тереңірек ұғындыра түскендей. Кеңестік кезеңде қалыптасқан орыс тілінің үстемдігі екі мыңыншы жылдың басында әлі де өз дәрежесін қолдан бере салмайтын шамада еді.

2006 жылдың жадыраған жазының бір күні кабинетте отыр едім, газеттің сол кездегі бас редакторы Күмісжан Байжан кіріп келді де:

алып келген оқырманмен тілдесу, сөйтіп отырып, безілдеген телефонға жауап беру үлкен іскерлікті қажет ететін еді. Соның өзі адамды титықтатып жіберетін. Көзің ауырып, кешкісін сүріне жығылатынбыз. Ақындықты қоса алып жүру тағы бар, үйдегі бала-шаға бар, әйтеуір бір бітпейтін қарбалас еді. Әбден шаршаған кезде газет тілшісі, құрдасым Тұрсынжан Токтасын екеуміз әзіліміз жарасып, бір-бірімізді асыра мақтап қоятынбыз. Онымыз көпке ұзамай керісіп қалатын кездеріміз де

жиі қайталанатын. Мен «қаттырақ» кетсем, редакция қыздары: «Байқаныз, ол кісінің басы ауырады, қан қысымы бар..», – дейтін. Мен дереу басыла қоятынмын.

Облыстық «Жетісу» газетінің Жамбыл ауданындағы меншікті тілшісі Серік Сатыбалды ол кезде редактордың орынбасары еді. Маған жұмбақ жан сияқты көрінетін. Оған «Алтын асық» деп ат қойып алғанбыз. Ешкіммен ашылып сөйлеспейтін, жұмысына тастай, өте ұқыпты болатын. Мінезсіз адам болмас. Абайсызда ашуына тиіп кетсең, ашуланбай-ақ күліп отырып, астарлы әзілмен тілмен шағып сөйлейтін. Оның өткір сөзі сөз қадірін түсінетін адамға жетіп жатар еді.

Күнде таңертең он минут редактор бөлмесіне жиналамыз. Сол күнгі жұмыстарды талқылайтын едік. Ұжымда Әйгерім атты екі қыз, терімші қыз марқұм Толқын, Айнұр, Мадина, Елдар, Дәурен сияқты өте алғыр сінділерім мен інілерім бар еді. Біразы әлі күнге дейін сонда жұмыс істейді. Сүттей ұйған отбасы секілді өте тату, әрі редакциядан бір жылулық есіп тұратын.

Есағанның ашуланған кезінің де талай куәсі болдық. Соңынан бала сияқты ұмытып, ақжарқын, жаймашуақ ақын кейпіне еніп отыратын. Редакцияға ол кезде Мұхамеджан, Өмірбай ағаларымыз, Әуелбек, Нәзипа, Марат, Рәтбек сияқты т.б. ақын-жазушылар жиі бас сұғатын. Мерекелерде қазан көтеріп, мәре-сәре болып жатушы едік. Қайран күндердің ол кезде сағыныш боп артта қаларын кім білген. Олар мені «Қыз тәте» деп атайтын. Әлі күнге дейін редакцияға бара қалсам, сол бұрынғы Айнұр, Мадина, Тұрсынжандар: «О-ой, қыз тәте, қалайсыз?», – деп амандасады. Осы бір естелікті жазып отырып көзіме еріксіз жас үйірлді... Сіздер менің әр уақытта жадымдасыздар! Төл мерекелеріңіз құтты болсын!

Гүлнәр ӨМІРЗАҚОВА.



кейде қара сөзбен ішкі ойынды ақтарып, дүниені кезіп, керемет күй кешетін сәттер өмірімнің бір бөлшегіндей. Қайнаған ортаның аласапыран кезеңдері журналистер үшін қызықты еді. Мәселе біреуді сынау, мінеу емес, адамдардың тыныс-тіршілігін, болмысын, табиғатын зерттеу, жаңалықтарға жаны құмар қырағы тілшілердің сүйікті ісін бір сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес сияқты. Мүмкін, журналистерді адам жанының зерттеушісі десе, жарасар.

2006 жылы белгілі журналист, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, жазушы Күмісжан Байжан әпкеміздің шақыруымен осы «Атамекен» газетіне жұмысқа орналастым. Бірақ, өкінішке қарай, бір-екі айдан кейін ол кісі «Егемен Қазақстан» газетіне ауысып, бізге марқұм Есенқұл ағамыз редактор болып келе қалды. Содан табаны күректей төрт жыл редакцияның қым-қуат тіршілігіне араласып кеттім. Бір сәтте мақала жазып отырып, газеттің әріп қателерін тексеру, оны шұқшынып оқып отырғанда мақаласын

Құрылыс алаңындағы құрылысшылардың тамақтануы және ауыз су тәртібін ұйымдастыру

Өндірістік объектілерде жұмыс істейтін жұмысшылар үшін тамақ организмдегі тіршілік процестерін қолдану үшін, әртүрлі жұмыстарға жұмсалған күш қуатты қалпына келтіру үшін қажет. Егер тамақтану дұрыс ұйымдастырылмаса, тиімсіз, яғни жеткіліксіз болса, организмде метаболизм, зат алмасу бұзылып, оның айналадағы ортаның зиянды әсеріне және әртүрлі жұқпалы ауруларға қарсы тұрарлық қабілеті төмендейді.

Тамақтану сауаттылығының бес негізі бар:

1. Тамақ құрамында негізгі қоректік заттардың болуы (нәруыз, май, көмірсу);
2. Тамақ рациондында қосымша заттардың болуы (витаминдер, микро-элементтер);
3. Тамақ нәрлілігі адам жасына, денсаулық күйіне, табиғат климатына байланысты;
4. Тәулік бойынша тамақтану тәртібінің мөлшерін сақтау;
5. Тамақтанудың санитарлық-гигиеналық нормаға сай болуы.

Ауыз суда адам денсаулығының кепілі екені бәрімізге белгілі. Қоғамдық өндірістің жедел дамуы, қалалардың урбанизациясы, халық санының тез өсуі, қоғамның тұрмыс жағдайының жақсаруы, халықтың мәдени деңгейінің өсуі, осының бәрі судың қажеттілігін өсіреді және қолданылатын су экологиялық жағынан қауіпсіз болуы керек. Ішетін су барлық санитарлық тазалық сақтау талабына сай болған жағдайда ғана өзінің физиологиялық қызметін орындай алады. Тазалығы жөнінен су мөлдір, иісі дәмі жоқ болып, ең бастысы, құрамында ағза үшін зиянды химиялық заттар және ауру туғызатын микробтар болмауы тиіс. Сонымен қатар, адам үшін судағы еріген химиялық заттардың құрамы мен мөлшерінің де мәні зор. Ішетін судың құрамында хлордың, темірдің, күкірттің, марганецтің, мыстың, мырыштың және басқа да химиялық заттардың қоспалары бар. Объектілерде ауыз судың сапасын бақылау сумен қамтамасыздандыру жүйесін пайдаланушы ұйымның арнайы зертханаларымен (өндірістік бақылау) және аймақтық санитарлық-эпидемиологиялық ұйымдарымен жүргізіледі.

З.К.КУШТЕКОВА,
Жамбыл ауданы ҚДС
Басқармасының басшысы м.ғ.к.
А.К.АБДРАЗАҚОВА,
Өнеркәсіптік және коммуналдық объектілерді санитарлық-гигиеналық қадағалау бөлімінің жетекші маманы.

«ТАҢБАЛЫҒА» САЯХАТ

Біздің Бозой негізгі орта мектебінде «Бал-дәурен» жазғы демалыс лагері жұмыс істейді. Қазір бірінші ауысымда барлығы 18 бала алансыз демалуда. Лагерьге келген балалардың денсаулығын мектеп медбикесі күнделікті тексеріп, олармен сауықтыру іс-шараларын жүргізеді. Балалардың көңілді демалып, әртүрлі іс-шаралар мен спорттық ойындармен айналысуына 2 тәрбиеші, кітапханашы, мектеп психологы үлес қосып жүр. Лагерь демалушылары арасында шахмат, асық ойынын ойнату, тақырып бойынша тапқырлық, сөзжұмбақ, мақал-мәтелдерден сайыстар ұйымдастыру әдетке айналған. Бір мезгіл балаларлар сурет салып, түрлі тақырыптарда тақпақтар жаттап, ән салып, би билейді.

Жоспар бойынша таңертеңгілік жаттығулар, түрлі сайыстар өткізіледі. Тәрбиешілер әр күнге белгіленген іс-шараларды ұтымды ұйымдастырып, балалардың демалысы қызыққа, қуанышқа толы болуына бар күш-жігерлерін жұмсауда. «Күштілер», «Алғырлар», «Өнерпаз болсаң, арқалан», «Тілге құрмет – елге құрмет», «Күш атасын танымас», «Орман кереметі», «Мақалдап сөйлеу – шешенге тән» т.б. қызықты сайыстарға балалар қызығушылық

Занды білмеу жауапкершіліктен босатпайды

«Занды білу – заман талабы!» – демекші, қазіргі экономикалық жаңғыру заманында мемлекеттер арасындағы сауда-саттық, халықтың көші-қон саласындағы қатынастар белсенді түрде дамуда. Осы орайда, шетел азаматтарының Қазақстан Республикасының аумағына келуі де артты.

Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 517-бабында көрсетілгендей, шетелдіктердің немесе азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасының халықтың көші-қоны саласындағы заңнамасын бұзуы көбейген.

Атап айтқанда, шетелдіктердің немесе азаматтығы жоқ адамдарды тіркеу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген күнтізбелік бес күн өткеннен кейін үш тәулікке дейінгі мерзімде ішкі істер органдарында тіркеуден өтпей Қазақстан Республикасында болуынан көрінген, шетелдіктердің немесе азаматтығы жоқ адамдардың жоғарыда көрсетілген

мерзімдерден астам уақыт ішкі істер органдарында тіркеуден өтпей Қазақстан Республикасында болуынан, не тіркеу кезінде көрсетілген мекенжайда тұрмауынан, сол сияқты Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттік жол жүру қағидаларын сақтамаудан көрінген, шетелдіктердің немесе азаматтығы жоқ адамдардың визада не тіркеу кезінде көші-қон карточкасында көрсетілген мерзім өткеннен кейін үш тәуліктен асатын кезең ішінде кетуден жалтаруы, шетелдіктердің немесе азаматтығы жоқ адамдардың жүзеге асыратын қызметі визада және тіркеу кезінде көші-қон карточкасында көрсетілген мақсаттарға сәйкес болмауынан көрінген, Қазақстан Республикасының халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті органы

берген өз бетінше жұмысқа орналасу үшін біліктілік сәйкестігі туралы анықтаманы немесе жұмысқа орналасуға рұқсатты алу еңбек қызметін жүзеге асыруға қажетті шарт болып табылатын жағдайда, мұндай анықтаманы не рұқсаттарды алмастан, Қазақстан Республикасында еңбек қызметін жүзеге асыру жөніндегі іс әрекеттерді жасауы жатады.

Жоғарыда келтірілген негіздер бойынша 2016 жылы 468 заң бұзушылық орын алса, жыл басынан бері 97 заң бұзушылық тіркелді. Бұл статистикалық мәліметтер шекаралық аймақ аудандарында көші-қон саласындағы заңнаманың талаптарын шетел азаматтарының сақтай бермейтінін аңғартады. Көбіне, заң бұзушылыққа орын берген шетел азаматтары өздерінің занды білмей қалғандарына сілтеме жасайды. Қай мемлекеттің азаматы болсын Қазақстан Республикасына келген соң осы елдің заңнамасын құрметтеуі тиіс, оған бағынуға міндетті.

С.БАЙТАСОВ,
ҚС АЕЖК-нің Жамбыл ауданы бойынша прокуроры.

Жаз айлары балалардың толыққанды демалып, денсаулықтарын нығайтып, жаңа оқу жылын тың күшпен бастауы үшін қолайлы уақыт. Әрбір бала жанға жайлы демалысты қызықты өткізуді армандайды.

“Балаусадағы” бал күндер

Осыған орай, Тоқаш Бокин атындағы орта мектеп мекемесінде «Балауса» жазғы демалыс лагері жұмыс атқаруда. Лагерьде білікті тәрбиешілер үш маусымда жұмыс істейді. Балардың демалыстарын тиімді әрі қызықты ұйымдастыру бағытында жоспар жасалып, тақырыптық шаралар өткізіледі. Лагерьдің бірінші маусымына аз қамтылған отбасынан шыққан балалар қабылданып, тегін тамақпен қамтылды.

Мұндағы жүргізілетін жұмыс түрлері әр алуан. Онда спорттық, ұлттық танымдық ойындар, зерделілік, тілдік сайыстар, концерттік бағдарламалар, сурет көрмелері ұйымдастырылған. Балаларға көтеріңкі көңіл күй сыйлау мақсатында «Күлдір – бүлдір» күні өткізілді. «Менің бейнем» смайликтері жасалынып, ең күлкілі смайлик анықталып, балалар марапатталды. Саламатты өмір салтын насихаттау мақсатында спорттық шаралар өткізілді. «Балауса» демалыс лагерінде балалар уақыттарын жақсы өткізіп, өздеріне жаңа достар тауып, өткізілген іс-шараларға қызыға және белсене қатысуда.

Б.ӘБСЕЙІТОВА,

«Т.Бокин атындағы орта мектеп МДШО» КММ тәрбиешісі.

олардың қатарында «күн басты» құдайлар кескіндемелерінің бірнеше ірі композициялары осы тастарда бейнеленген.

Келесі 2 топта қола дәуірі мен ерте темір ғасырындағы суреттер белгіленген. Бұл топта тасқа салынған 400-ге жуық суреттер бар. Олардың қатарында жабайы аңдардың бейнесі, бұғы, жылқы, егіздер, қасқырлар, фантастикалық (бет перде киген садакшы «жасағандар») кескіндемелер бар.

Сөйтіп, балалар «Таңбалы» қорық-музейін түгел аралап, тасқа қашалып салынған суреттерін тамашалап, бұрынғы кездегі адамдардың аңшылықпен айналысқаны туралы, аңға қалай шыққаны, сол кездегі жануарлардың бет-әлпеті қандай болғаны туралы көп мәліметтер білді. Ал білмегендерін мұражай қызметкері Мұрат ағайдан сұрап, біліп алды. Осылайша, балалар үлкен қызығушылық танытқан “Таңбалыдағы” саяхатымыз аса пайдалы болды.

Лагерьдегі басқа күндеріміз де мәнді өтуде. Оған үлес қосқан тәрбиешілердің, пән мұғалімдерінің еңбектері ерекше атауға тұрарлық. Олай болса, «Біз бақытты баламыз» атты тақырыпта ұйымдастырылған «Балдәурен» лагері балалардың көңілінен шықты деген ойдамыз.

А.ҚАЙЫРБАЕВА,
Бозой негізгі орта мектебінің педагог-ұйымдастырушысы.



танытуда. Әдеп туралы, әсемдік жайлы әңгіме, мақал-мәтел жарыстары көңілді өтуде.

Жуырда «Таңбалы» мемлекеттік тарихи-мәдени және табиғи қорық-мұражайына балалармен бірге экскурсияға шықтық. «Таңбалы» қорық музейі II-VI топқа бөлінген. Бұл жердегі тастарға әр дәуірде қашалып жазылған петроглифтер салынған. Мысалы: V топта қола дәуірі, ерте темір ғасыры, орта ғасырлардағы кезеңдер қамтылады. Бұл кезеңде тасқа ойып салынған 1000-нан аса суреттер бар.

Қола дәуірі кезеңі б.з.дейінгі 13-14 ғасырларды қамтиды. Соған сай жануарлардың бейнесі, денелерінде жолақтар бар егіздер, жылқылар, қабандар және т.б. жануарлар, әскери арбалар, антропоморфтық фигуралар,



барып, көне дәуірдегі тасқа қашалып салынған суреттермен танысты. Сонымен бірге үшінші ауысымда демалатын 20 баламен алдағы жұмыс жоспары жасалды. Мектепте демалыста жүрген оқушыларға арналған ағылшын, орыс тілдері үйірмесі жұмыс істейді. Бұдан бөлек «тілдік» лагерь оқушылардың тілдік қорын жетілдіру арқылы білімін ұштау мақсатында бірқатар жұмыстар атқарды.

Лагерьде түрлі спорттық ойындар мен жарыстар ұйымдастырылып, жас өрендерді саламатты өмір салтына бейімдеп келеміз. Біз жазғы лагерьмен балаларды 87 пайыздық көрсеткіште қамтыдық. Мектеп ауласын көгалдандырумен 5 сынып оқушылары айналысты. Сынып жетекшілері Айдар Ысқақов, Зәуре Әубәкірова бұл жұмыстардың өз дәрежесінде атқарылуына баса мән берді. Ал, бірінші ауысымда лагерь жұмысымен шұғылданған мұғалімдер Бану Нұрғалымова, Әтіргүл Зәуірбекова мен Айнұр Кәбіржанова өте жауапкершілік танытып, белсенділігін байқатты.

Марғұлан АМАНЖОЛОВ,
директордың тәрбие-ісі жөніндегі орынбасары.

➤ **Жемқорлыққа жол жоқ**

Құныққандар құрықталды

Биыл мамырдың 24-де Алматы облысы, Панфилов аудандық сотының үкімімен Панфилов ауданы ішкі істер бөлімі жергілікті полиция қызметі жол-патрульдік полициясы взводының командирі, полиция майоры С.Қ.Ибраев қол астындағы взвод қызметкерлерінен жүйелі түрде пара алғаны үшін сотталды.

Д.С.Тохмадияров және Д.А.Маликовтардың ықпал етуімен С.Қ.Ибраевқа заңсыз жиналған пара берілген. Пара ретінде алынған соманың барлығы 145, 0 мың теңгені құрайды.


С.Қ.Ибраевқа 10,500 млн. теңге айыппұл, мемлекеттік қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыру жазасы тағайындалды.

Д.С.Тохмадияров пен Д.А.Маликов та кінәлі деп табылып, 2 млн. 900 мың теңге айыппұл, мемлекеттік қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыру жазасы тағайындалды.

Алматы облысы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бюросы.

Мұсылманның екі мерекесі бар екенін білеміз. Олар – Ораза айт пен Құрбан айт. Мухаддис Әбу Дәуіт сахаба Әнастан (р.а.) жеткізген хадисте дініміздегі қос мерекенің пайда болуы былай баяндалады: «Алла Елшісі (с.ғ.с.) Мәдинаға келгенде, олардың екі мерекесі болатын. Пайғамбарымыз: «Бұл қандай күндер?», – деп сұрағанда: «Жаһилия дәуірінде ол күндерді ойын, күлкімен өткізетін едік», – деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Алла тағала осы екі күнді олардан да жақсы Құрбан және Ораза айт күндерімен алмастырды», – деді».

Айт – арабтың «иъид» деген сөзінен шыққан. «Иъид» сөзінің негізгі түбірі – «бада». Ол «мерекелеу», «бір-бірін мерекемен



– делінген. Айт намазы дініміздің ұраны болғандықтан, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) өмірінде оны бір рет те қалдырмай оқыған. Ислам кез келген мерекенің ғибадаттармен өткерілуін құптайды. Сондықтан айт

айтка арналып дайындалады екен. Сондықтан да Рамазан айт мерекесін олар тағамның атымен «шекер байрам» деп те атап кеткен.

Қазақ елі де өзге мұсылмандар секілді айт мейрамына арнап дастарқан жаяды. Ата-бабамыз ысырапқа бармай айттап келуші қонақтарға құрмет көрсетуді мұсылмандық іс деп білген. Қонақжайлылық – халқымыздың әдет-ғұрпы тұрғысынан да, шариғат тұрғысынан да ең маңызды қасиеті. Себебі, пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Аллаға және қиямет күніне сенетін кісі қонағын жақсылап күтсін», – дейді. Тағы бір хадисінде дұғасы қабыл болатын үш кісінің бірі қонақ екенін айтып өткен. Ал, халқымыз «Мейманды қарсы ал, Қыдырына жолығасын», – деген даналық сөз қалдырған.

ОРАЗА АЙТ

Әні мен өлеңі – Әлімжан Дәуітұлынікі.

Сәресі танды оятқан,
Ауыз бекітіп жаратқан.
«Азан» жетіп ғажаптан,
Намаз оқып қанаттан,
Тақуа болып жарақтан!

Қайырмасы:

Сый болған Ұлы Алладан,
Ұлық мейрам – Рамазан!
Мұсылмандар аңсаған
Қасиетті Ораза айт,
Шапағатты Ораза айт!

Қайырмасы.

Ақшамда ауыз аштыңыз,
Ерен қуанышқа кенеліп,
Бес рәқағат – мауық бастыңыз.
Тарауық тағын таратып,
Келді шұғыла шашқыңыз!

Қайырмасы.

«Мен де Пейішке жетемін!» –
деп, мешіт болды мекенің.
Мадақ айтып Аллаға,
Дұғалар тоғысты арнаға –
Сәлем-салауат Пайғамбарға!

Қайырмасы.

Қалса да қанша жырақта,
«Жарапазан» жүр құлақта.
(Атқарған шаралар аз ба?!)
Отыз күндік құт – ғибадат,
Ұласты Нұр-Айт намазға!

Қайырмасы.

Алланың құлы – жамағат,
Құбыланы құп қалап ап.
Намазбен иманы кәміл боп,
Имамдарға үнсіз ұйыды –
Мүмінге Бақыт бұйырды!

Қайырмасы.

Ғұсылмен келген мұсылман,
Ешқашан емес ұтылған.
Рахман шуаққа бөленіп,
Намазхандар нық қауыпшты,
Шаттыққа ғажап кенеліп.
Үлкенді сыйлар жастарды,
Ақсақалдар кіл басқарды.

Қайырмасы.

Пешенеме кие жазылды –
Үш күн ұдайы созылды.
Аластап ауыр қасіретті,
Жаннатты бәсіре етті –
Қадір түнім қасиетті!

Қайырмасы.



Ораза айт күнтізбесі болсын!

құттықтау» деген мағынаны қамтиды. «Бада» сөзінің масдары (іс-әрекетті білдіретін термині) – «иъадат», яғни «хал сұрасу», «бір-бірін қуанту», «қуанышқа топталу». Демек, айт сөзін «мереке», «мейрам», «қуаныш», «шаттық» деп түсінеміз. Сондықтан айт – оразаның аяқталғанын білдіретін мереке.

Абдулла ибн Масғұдтан (р.а.) жеткен хадисте былай делінген: «Мүмін пенделер Рамазан айының оразасын толық ұстап, айт күні намазға бет алғанда, Алла тағала періштелерге: «Ей, періштелерім, адамзат бейнет атқарса, ақысын талап етеді. Пенделерім Мен парыз еткен оразаны атқарып, ақысын алуға мешітке бет алды. Олар Мен үшін ораза ұстады, Менің пәрменіммен ауыз ашты, енді қуанышқа кенелсін. Сендер куә болыңдар, оларды мағфират еттім», – дейді».

Ораза айт мерекесі шәууал айының бірінші күні басталып, үш күнге созылады. Ол күні ертерек тұрып, ғұсыл алып, хош иіс себіну – Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сүйсініп жасайтын әдеттерінен еді. Сол үшін бұл амалдар мұстахаб болып саналады. Себебі, айт күні жұма намазындағыдай көпшілік бір-бірімен араласады. Жұма күні қандай амал сүннет болса, айт күнінде де олар сүннет. Айтқа байланысты тағы бір хадисте: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айт күні мешітке барған жолмен қайтпай, басқа жолмен қайтатын еді», – делінген. Демек, айт көпшілікпен диалдасып, кең ауқымда өткізілетін мереке.

Шариғат бойынша айт күндері қуанышты болу, жүзімізден нұрлы шырай тарату – Алланың рахметі, пайғамбардың шапағаты, жаннат және оның нығметтеріне үміт арту белгісі. Сондықтан мереке күндері адамдарға мейіріммен қарау амалдардың ең сауаптысы және абзалы, айт күнгі жүріс-тұрысымыз, киінуіміз, жүзіміздің шырайы – дұға іспеттес ғибадат болып табылады.

Айтта шариғат мұсылмандарға мешітке жиналып бірге айт намазын оқуды, одан соң бірін-бірі мерекемен құттықтауды, үйлерінде тәтті тағамдар жасауды, келген қонақтарды күтуді, алыс-жақын туған-туысқандарына барып жүздесуді, олардың ішінде қиыншылыққа тап болғандарына көмек қолын созуды және басына қайғы келгендерге арнайы сыйлықтар жасап, көңілдерін көтеруді, сырқат таныстарына зиярат жасауды, өткендерді еске алуды, араздасқандарға міндетті түрде бір-бірімен татуласуды бұйырады.

Айт намазы

Айт мейрамы намаз оқумен басталады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) өсиетінде: «Айт күні бірінші орындалытынымыз – намаз оқу»,

мерекелері арнайы ғибадаттармен басталады.

Айт намазына мешітке бара жатқанда такбир айтқан дұрыс. Рамазан айтта такбир іштен, ал Құрбан айтта жария, дауыстап айтылады.

Айт намазының уақыты – күн найза бойы шыққаннан зауалға дейін.

Айт намазы мерекенің алғашқы күні оқылуы тиіс. Ол жұма намазы парыз болған адамдарға уәжіп. Намаз – жұма оқылатын мешіттерде немесе келісілген алаңда жиналып оқылады. Пайғамбар заманында мешітке сыймағандықтан, Мәдина қаласындағы пайғамбар мешітіне жақын жердегі кең орында оқылған.

Айт намазы екі рәқағат, намаз соңынан құтба оқылады. Құтпада Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жамағатқа уағыз-насихат айтатын болған.

Айт намазының өзге намаздардан айырмашылығы – азан мен қамат айтылмайды.

Айт күні мұсылмандар намаздан соң бір-бірін құшақтап, құттықтайды.

Тарихтан тағылым

Ислам дінінің алғашқы уағынан бастап айт мейрамына бала-шаға, ел-жұрт түгел жиылып, Алла Елшісінің (с.ғ.с.) мерекеге арналған үгіт-насихаттарына, өсиеттеріне құлақ түретін. Мерекеге арналып өткізілетін түрлі іс-шараларды халық болып бірге тамашалайтын. Тәтті тағам жеуді Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) өзі де ұнататын. Ол кісі ораза айтқа ең болмағанда бір құрма жеп шығатын болған.

990-991 жылдары Бағдат қаласында ораза айт мерекесіне арналып ұзындығы 150 метр дастарқан жайылып, тәтті тағамдармен толтырылып, халыққа ұсынылған.

Ал, Аббасилер Х ғасырда Ислам мерекелерін насихаттау үшін, әсіресе Византияға көршілес Тарсус және Аусым секілді қалаларда ислами мейрамдарды өте жоғарғы деңгейде өткізіп отырған.

Фатимиттер айтты «йд әл-Хуләл», яғни «киім мерекесі» деп атайтын. Өйткені, халифа жұртты мерекемен құттықтау үшін сарайдан мешітке дейін әдемі киінген сарай нөкерлерін жолдың екі жағына тұрғызып, өзі тамаша киініп, жолмен аяуы баратын болған. Халифаның артында тамаша керуен, онда безендірілген піл, оның үстінде бір сарбаз отыратын.

Халифа Әзиз Билләттің (976-996) кезінде «Дар әл-Фитра» деп аталатын тек тәтті тағамдар жасайтын асхананы ережеп айының ортасынан бастап іске қостыратын. Ол асхана ораза ішінде ауызашарға көптеген тапсырыстар орындайтын. Айт намазынан кейін халифа үлкен дастарқан жайып қонақ күтетін. Ол қонаққа Каирдағы басқа дін өкілдері де шақырылатын.

Мұсылманшылығы өркендеген бүгінгі Түркия елінде «шекер» дейтін тәтті тағам ораза

Бауырмалдыққа баулитын сәт

Айт мейрамында ата-аналарымыздың, наукастардың, туған-туыстардың хал-жағдайын сұрап бару – үлкен сауап іс. Алла тағала қасиетті Құранда: «Аллаға сыйыныңдар, оған ештеңені теңестірмеңдер, ата-аналарыңа, туыс-туғандарыңа, жақын көрші (діндегі туыстығы бар көрші), бөгде көршіге (жай ғана көрші), жан жолдастарыңа (бірге жұмыс істейтіндеріңе), мүсәпірге, қол астындағыларға жақсылық жасаңдар», – дейді («Ниса» сүресі, 36-аят). Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.): «Ата-ана разы болмай, Алла тағала сыйы болмайды», – деген. Олай болса, айт күндері ата-анаға қошемет көрсетіп, разылығын алу қажет-ақ. Ал, бақилық болғандарға Құран оқылып, сауабы бағышталады.

Айт күндері бала-шағаға сыйлық, жана киім-кешек сыйлау, көрікті орындарды аралатып қыдырту жақсы амал. Сол арқылы бала мұсылманшылыққа тәрбиеленеді.

Әр қоғамда ерекше көңіл бөлуді, жылы қабақ танытуды қажет ететін жандар бар. Жетім-жесір, тағы да басқа мұқтаж кісілерге айт мейрамдарында көңіл бөлу – мұсылмандардың міндеті. Өйткені, олар көмекке, жылы сөзге аса зәру. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Жетімге қарайласқан кісі менімен жаннатта мына екі саусақтай бірге болады», – деп ортаншы және сұқ саусақтарын көрсеткен. Жетімдер секілді жесір әйелдер мен кедей міскіндерге де көмек беру сауапты істерден. «Жесір әйелдің және кедейдің бір күндік нәпакасы үшін жүтірген мұсылман Алла тағала жолында соғысқан мұжтаһид сияқты. Немесе түнімен намаз оқып, күні бойы ораза ұстаған кісі тәрізді», – дейді Алла елшісі (с.ғ.с.).

Оразаның нәтижесімен жанашырлық, мейірімділік деген қасиеттерді бойына дарыта білген мұсылманға айт күні пітір садақа беру міндеті жүктеледі. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Пітір садақа ораза ұстағанның айтқан пайдасыз сөзінің, басқа жағымсыз амалдарының ластығынан тазалаушы және мұқтаждарға азық ретінде берілуі уәжіп етілді», – дейді (Әбу Дәуіт риуаят еткен). Демек, пітір садақа Рамазандағы ғибадаттардың сауабын толықтыру үшін беріледі. Бұл хижраның екінші жылында мұсылмандарға оразамен қатар жүктелген амал. Сондықтан мереке күнгі садақаларымызды шын көңілмен беріп, өзеге жәрдемдесу мұсылманға ортақ іс. Қасиетті Құранда: «...Қайырдан не істесендер, Алла оны күдіксіз біледі», – делінген («Ниса» сүресі, 127-аят). Демек, қандай жақсылық жасасақ та, ол сауапсыз қалмайды. Олай болса, айт мерекелерінде сауапты амалдарды арттырсақ, нұр үстіне нұр болмақ.

Әлі МҰРАТҰЛЫ,

Жамбыл ауданының бас имамы.

РАМАЗАН ЖАЙЛЫ ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕКТЕР

2013 жылы Шарджа қаласында Біріккен Араб Әмірлігі Гиннес кітабына енген дастархан жасады. Дастарханның ұзындығы 600 метр болған. Ал дастарханның бағасы шамамен 400-500 мың дирхамді құраған.

Медина қаласындағы Пайғамбарымыздың (Алланың Оған игілігі мен сәлемі болсын) мешітінде де ең үлкен ауызашарларды жасайды екен. Мешітте 12000 метрден астам дастархан жайылады. Тәулігіне 300 000 мұсылманды тамақтандырады. Бір күндік ауыз ашарға кететін ақша 1 млн. Сауд риалына тең келеді (шамамен \$290,000). Бір ифтарда 130 000 литр замзам, 50 000 литр араб кофесі, 300 000 бәліш, 50 000 литр йогурт және сүт, 50 000 литр жеміс шырыны, 40 тонна құрма беріледі.

Ауызашар уақыты 15 минуттан аспайды және осы тамақтардың барлығын қайырымдылық қорлары қамтамасыз етеді. 15 минуттан кейін дастархан жиналып, мешіт тап-таза күйіне қайтадан енеді.

Ал Кашмирде болса бүкіл Азия бойынша ең үлкен ауызашар болған. Сринагара қаласында болған бұл ауызашар Египеттегі ауызашардан асып түсу үшін жасалған деседі. Айта кетейік, Египетте Александрия қаласында рекорд Гиннес кітабына енген 4,3 километрлік дастарханға 7000 адамды сыйғызған.

ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ ҮЛКЕН ФАНУС (ШАМ)

Ливанның Набатия қаласында әлемдегі ең үлкен фанус жасап шығарған. Бұл шамның ұзындығы 18 метр, ені 5 метр, ал салмағы

4 тонна болған. Шам 2012 жылы Гиннес кітабына енген. Фанусты 180 күн бойы жасаған. Одан кейін оны алты машинамен Набатияның орталық стадионына әкелген. Шам Рамазан бойы сол жерде жанып тұрған.

АУЫЗАШАР УАҚЫТЫН

ХАБАРЛАЙТЫН ЕҢ КӨНЕ ЗЕҢБІРЕК

Ауызашардың уақытын хабарлайтын зеңбірек Фатима деп аталады және ол Египеттегі ең көне зеңбірек. 140 жыл бұрын әскерилер бір зеңбіректі тазалап жатқанда, одан бір снаряд атылып кетеді. Және сол снарядтың атылуы ауызашардың уақытына сәйкес келіп, адамдар оны ауызашар уақытының белгісі деп ойлап қалған. Одан кейін бұл зеңбіректі осы мақсатта қолданатын болған.

ЕҢ АЛҒАШҚЫ СӘРЕГЕ ОЯТУ

Ең алғашқы сәреге оятушы Анбас ибн Исхак. Ол хижраның 228 жылы Фустат қаласынан Амр ибн-аль-Астың мешітіне кетіп бара жатып, жолай адамдарды сәреге оятып кеткен. Бұл дәстүрге 1208 жыл болды. Кейінірек египеттіктер барабанмен оятатын болған.

ЕҢ КӨНЕ ОРАЗА КҮНТІЗБЕСІ

Ең алғаш сәре уақыттары жазылған күнтізбені Мұхаммад Али паша шығарған дейді. Ол бұл күнтізбені хижраның 1262 жылы таратқан.

Көпшіліктің айтуы бойынша, осылайша Мұхаммед Али паша халықтың ілтипатына бөленгісі келген. Ол шынымен де халықтың разылығына бөленді деп айта аламыз. Себебі, бұл күнтізбе қазірге дейін қолданысқа ие.

Майра БОЛАТ,

“Qalam” клубының мүшесі.

ӨНЕР ЖҰЛДЫЗДАРЫНЫҢ ЖАЛҒАСЫ

Халқымызда «Өнерлі өрге жүзер» деген аталы сөз бар. Өнер әрбір адам бойына ана сүгімен даритын ерекше қасиет, екінің біріне қона бермейтін бақ. Демек, өнер ұшқыны да бала жастан байқалады. «Ақыл – жастан...» деп жататынымыз да сондықтан болар.

Өнерімен өрнек салған жас талапкерлердің бірі – Жанел Қасенова. Ол Сейдахмет Бердіқұлов атындағы білім ордасында биыл 7 сыныпқа көшті. Бала жасынан бастап ән айтуға әуестеніп, таудай талабымен танылған Жанелдің аяқ алысы ата-анасын қуантқан екен. Мектеп табалдырығын аттаған соң бойындағы өнер ұшқынын лаулатып, 1 сыныпта ән салып, сахна сәніне айналады. Содан Ұзынағаштағы «Жасұлан» оқушылар үйіндегі вокал тобына қабылданып, ән айтуды жалғастырып, осындағы ұстаздарының көңілінен шығады. Мұнда жүріп сахна мәдениетін үйреніп, әндік қорын молайтады.

Ал, 2-ші сыныпта «Өнер» мектебіне ауысып, ұстазы Қыдырбек Мәлібековтен арнайы вокалдан дәріс алады.

Бүгінде Жанел әндерді негізінен қазақша, орысша, ағылшынша шырқап шеберлігін шыңдауда. Мамыр айының 18-де Алматы қаласында «Бала дауысы» атты республикалық ән байқауына қатысып, бағын сынаған. Бұл байқауға барлығы 556 бала қатысып, өз өнерлерін



жұртшылық алдында жария еткен. Іріктеле келе 2 талапкер ғана үздік танылған.

Ең бастысы Жанелдің тәлімгері қазақтың танымал әнші қызы Мәдина Садуақасова екенін айтпақпыз. Байқау барысында Мәдина апайы Жанелді ән айтудың қыры мен сырына үйретіп, талабын ұштаған. Бұған дейін Алматыда өткен республикалық «Ананың аялы алақаны» атты ән байқауына қатысқан Жанел «Асыл ана» атты әнді орындап, бас жүлдеге ие болған. Арнайы кубок, грамота мен коса планшетпен марапатталған.

Өнер жолы жалғасып, бұдан соң Ресей-де яғни, Сочи қаласында өткен халықаралық

байқауда ноктюрн (қайырмасыз) әнді өз нақышында айтып, көрерменді ерекше тамсандырды. Бұл жолы бірінші орынға табан тіреп, әнсүйер қауымның ыстық ықыласына бөленді. Биыл «Өнер» мектебіндегі вокал тобымен бірге Грузиядағы халықаралық ән байқауында топ жарып, бас жүлдені еншіледі. Жанел бұл жолы «Broken vow» әнін ағылшын тілінде шырқап, үлкен кубокпен бірге арнайы дипломға ие болды. Сөйтіп, қазақ елінің абыройын тағы бір асқақтатты.

Сонымен үздік атанған Жанел «Жұлдызды үйге» республикалық ән байқауына жолдама алды. Бұл жолы қазақша, орысша, ағылшынша әндерді Алматы аспанына қалықтатты. Жан-жақтан іріктелген әншілердің ең басты жүлдегерлері алдағы қазан айының 1-де белгілі болады. Бұл айтулы байқаудың арасында біздің үкілі үмітіміз Жанел Қасенова да бар. Жүзден жүйрік болып топ жаруына тілектеспіз. Лайым, Жанелді тіл-көзден сактасын. Көзінен от шашып, алға талпынып тұр. Жүрегінде батылдық бар. Болайын деп тұрған жас талап, екені байқалады. Ақылы да мол, сабағы мен тәртібі де жақсы.

Өнер биігінде жұлдыз болып жана бер, жасай бер, Жанел! – дейміз біз де сөз соңында.

Тұрсынжан ТОҚТАСЫН.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

Бүгінгі таңда бала тәрбиесінде орын алған проблемаларды шешу үшін ата-аналар мен жұртшылық күшін жұмылдыру мақсатымен 2016-2017 оқу жылында Ынтымақ орта мектебінде 4 қоғамдық тыңдаулар жоспарланып, өткізілді. Тыңдауларға Ұзынағаш селолық округі әкімінің, аудан орталығындағы мешіттің ауылдық аксақалдар алқасының өкілдері, жергілікті учаскелік полиция қызметкері шақырылды.

Әрбір оқу тоқсанының қорытындысы бойынша каникул уақытында мектеп директоры А.Қалыбаева әртүрлі тақырыптарда ата-аналар мен жұртшылық алдында ашық баяндамалар жасады. Ата-аналарға түсінікті, қызықты әрі танымды болуы ескеріліп, бейнематериалдар көрсетілді, коучингтер өткізді. Онда қоғамда белең алған интернет желісіндегі қауіпті ойындар туралы, «Діни экстремизм мен терроризм», «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алудағы кешенді іс-шаралар», «Оқушылар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу», «Заман дерті – суицид» сынды

тақырыптарда ой қозғалды. Облыс және аудан көлемінде болып жатқан құқық бұзушылық көріністеріне тоқталып, оның алдын алу жөнінде іс-шаралар қарастырды. Қоғамдағы осындай өзекті мәселелерді ортаға салып, оның ортақ шешімін табуды көздеген мектеп директоры құқықтық сауаттылықты арттыру үшін ата-аналарды нормативті құжаттармен таныстырды.

Мектеп бітірушілердің соңғы салтанатты жиында да биылғы жылдың ерекшеліктері сырт қалмады. Мәселен, «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясына сүйене отырып, «Мектепке кітаптар сыйла», «Түлек – сүйікті мектепке» атты акциялардың ұйымдастырылуы қадағаланды. Бір сөзбен айтқанда, біздің мектепте осындай өзекті мәселелер қамтылып, ата-ана жұршылығымен түрлі жұмыстар атқарылуда.

Жазира САҒЫМБЕКОВА,
Ынтымақ ауылы орта мектебі
директорының тәрбие
ісі жөніндегі орынбасары.

ХАБАРЛАМА

«Жамбыл Су құбыры» МКК
Ұзынағаш ауылының тұрғындарына
жаңа су құбыры жүйесінің
іске қосылатынын, соған сай
алдағы уақытта ескі су құбыры
жабылатынын ескертіп, ЖАҢА
СУ ҚҰБЫРЫ жүйесіне қосылуды
сұрайды. Қосылу сұрақтары
бойынша мына телефон арқылы
хабарласуға болады:
тел: 2-10-10; 2-10-92; 2-35-41

ОБЪЯВЛЕНИЕ

В связи с вводом новой
водопроводной сети, в селе Узынағаш
ГКП на пхв «Жамбыл Су кубыры»,
просит жителей села Узынағаш
произвести подключение к
НОВОМУ ВОДОПРОВОДУ, так как
в дальнейшем старый водопровод
будет отключаться.
По вопросам подключения
обращаться по телефону:
2 -10-10; 2-10-92; 2-35-41

Іргелі білім ордасының бірі – Тұрар Рысқұлов атындағы орта мектептің ұстаздар ұжымы биылғы балалардың жазғы демалысын қызықты ұйымдастырып, балғындардың уақытты көңілді өткізуіне барша жағдай жасап келеді.

ҚЫЗЫҚТЫ ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС



Соған сай бірінші ауысымда «Күншуақ» лагерінде барлығы 40 бала жаз қызығын көтеріңкі балалық сезіммен өткізді.

Бастауыш сынып мұғалімі, «Балдәурен» тобының тәрбиешісі Әлия Әбілбакиева оқушыларды жыр алыбы Жамбыл Жабиев мұражайына апарып, ақын атаның өмірімен таныстырды. Ал, «Қызықты лексика» тобының тәрбиешісі Г.Үстенқызы мен орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Гүлмира Әбішева «Путешествия в грамматику» тақырыбы аясында балаларды Сүйінбай Аронұлы мұражайына апарып, ақынның шығармашылық өнерінен көп мағлұмат алуына жағдай жасады. Сонымен қатар балаларды Қарғалы шатқалына апарып, таза ауада еркін сайрандатты. Пән мұғалімдері Мәдина Сумен мен Айнұр Бақыт «Жас физиктер», «Жерұйық» тобын Үңгіртастағы тарихи орынға апарып, оның басты ерекшеліктерін балаларға таныстырды. Ал, өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі Кенжегүл Ахсатиева болса, «Құрылысшылар бригадасы» тобын ақын Сүйінбай Аронұлының мұражайына серуендетіп, балалардың осындағы жәдігерлерді көруіне жағдай жасады. Және ақын бабаларының әр кезеңдегі айтыстарын таныстырып, келесі кезекте Қарғалы шатқалында табиғатты тамашалап қайтуына көңіл бөлді. Өз кезегінде пән мұғалімі Әсел Байышева «XXI ғасыр көшбасшысы» дебаттық клубын ұйымдастырып, балалардың өнер білімін ұштап, тапқырлық, ұшқырлық қабілеттерін шыңдады. Осылайша балалардың жазғы лагерьдегі демалысы қызықты да әсерлі өте көңілді өтті.

Гүлмейрам ЖҮНИСОВА,
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ЖОҒАЛҒАН ҚҰЖАТ ЖАРАМСЫЗ...

*** Ержанова Кулияхан Молдахметовнаның атындағы Ұзынағаш ауылы, Алғабас көшесі №114 жер телімінің кадастрлық нөмірі 03-045-102-1720, № 943910 (0.0800га) мемлекеттік актісі мен 2016 жылдың 14 қарашасында берілген жер телімін сатып алу сату жөніндегі реестрде тіркелген №3073 келісім шарты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Сәбітай Нұркен Сакенұлының атындағы Ұзынағаш ауылы, Көкжайнар көшесі № 146 (2201700110177536) кадастрлық нөмірі 03-045-102-1889 № 3200518 (0.0800 га) мемлекеттік актісі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** «Үсен» ІШҚ Кенжеев Үсеннің атындағы шаруа қожалығын жүргізу үшін жер учаскесіне жеке меншік құқығын беру туралы Жамбыл ауданы әкімиятының 2017 жылы 16 сәуірде берілген № 339 Қаулысы мен техникалық төлқұжаты және Қонаев атындағы ӨК жер телімінің кадастрлық нөмірі 03-045-111-335, № 125974 (9,8200 га) мемлекеттік актісі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Сарсенбиев Анапия Бектаевичтың атындағы «Жасар» шаруа қожалығының БИН 490220302419 мөрі (печать) жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

• Құрылтайшы:
– Жамбыл ауданының әкімдігі

Меншік иесі: “Жамбыл Атамекен”
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі.

Директор-бас редактор
Рәтбек ТЕРЛІКБАЕВ

• Газет – 2015 жылғы қарашаның 16-да Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі, байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын және ақпараттық агенттікті есепке қою туралы № 15705-Г Куәлігі берілген.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: 040600, Ұзынағаш ауылы, Мақатаев көшесі, 164 «А» үй. Телефондар: бас редактор – 2-44-28, бас редактордың орынбасары – 2-44-29, жалпы бөлім – 2-44-25, еселші – 2-44-27, факс-8 (72770) 2-44-28

Электрондық поштасы: Atameken1932@mail.ru
• Таралымы – 5300 дана. Тапсырыс – 25
• Индекс – 62264. Көлемі – 2 баспа табақ.
• Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады.
• Суреттердің сапасына редакция жауапты.

• Жарнама, хабарландыру берушілер оның мазмұны мен мәтіні үшін өздері жауапты.
• Автордың пікірі – редакцияның түпкілікті көзқарасы емес.
• Газет редакцияда компьютермен теріліп, «Алматы – Болашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында офсеттік тәсілмен басылады.

Тел: 378-42-00, факс:378-36-76.
Алматы қаласы, Сәбит Мұқанов көшесі, 223 «Б».